# SARYARQA

14 aqpan
2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№6 (8170)



AINA
ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ ҚАЖЕТ 2-бет

QOĠAM
«ЖАС САРБАЗ» СЫНЫБЫ 3-бет

TARIH
ҚАҺАРМАНДАР 5-бет

ÁLEÝMET
ЖАҢА ӘЛІПБИ – ЖАҢА БЕЛЕС 6-бет


15 АҚПАН – КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 31 ЖЫЛ

## ЖҮРЕКТЕГІ ЖАРА ЖАЗЫЛМАЙДЫ

**Уақыт зулап, жылдар жылжығанымен соғыс салған жара жазылып, қасірет ұмытылмақ емес. «Отан алдындағы борышымды өтеуге міндеттімін» деп сарбаз қатарынан табылған жігіттер от пен оқтың ортасына түсетінін еш ойламаған. Шымырлығын шыңдауды мақсат еткен олар өлім мен өмірдің ортасында арпалысып, еліме аман оралсам деген жалғыз үмітпен үрей мен қорқынышты жеңіп шықты. Қолға қалам алып, 15 мыңға жуық, оның ішінде қазақ жерінен шақыртылған 22269 азаматтың өмірін жалмаған он жылға созылған соғыс жайында сөз қозғау, әрине, көптің жанын сыздатқан жараның бетіне тұз себумен тең. Дегенмен, жас ұрпаққа Отан үшін жанын қиюға даяр болған батырларымызды үлгі етпегенде, кімді көрсетеміз?! Бейбіт елдің ұлдары әр заманның батырларын танып, олардың өмір жолынан өнеге алуы тиіс.**

►►*3-бетте*




## АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Жезқазған қаласы әкімінің қолдауымен өткізілген «Ең үздік бизнес жоба – 2019» байқауында Кристина Гуляс Кеңгір елді-мекенінде балаларға арналған қосымша білім беру орталығын ашу идеясымен 600 000 теңгелік сертификатты иеленген болатын. Бүгінде өз жұмысын бастап кеткен орталық жұмысымен біз де кеңірек танысқанды жөн көрдік. Қазіргі таңда әкімшілік ғимаратында орын тепкен орталықта 25 бала ағылшын тілінен білім алуда. Екі ай көлемінде жұмыс істеп бастаған орталық жұмысының таныстырылымына Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиден мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының Қарағанды облысы бойынша өкілі Қанатбек Зертүймеев қатысып қонақ болды. Жиын барысында Кристина Гуляс орталықтың ашылу жұмысына тоқталды.

– Ағылшын тілін білу – біздің заманымыздағы басты қажеттіліктердің бірі. Соған орай, ауыл балаларына жастайынан ағылшын тілін үйреткенді жөн көрдік. Қазіргі таңда біздің балалар кіші және 8-12 жас аралығындағы балалар тобына бөлініп, аптасына екі реттен ағылшын тілін үйренеді. Бүгінге дейін кеңгірлік балаларға ағылшын тілін тегін үйренулеріне жағдай жасаудамыз. Жеңіп алған грантқа оқу орталығына қажетті құрал-жабдықтар, кітаптар алдық. Орталығымыз бұдан әрі де кеңейіп, дами беретіндігіне сенеміз, – деді жас кәсіпкер.

– Мен Жезқазған гуманитарлық колледжінде ағылшын тілін меңгеріп шықтым. Бұған дейін Жезқазған қаласында мектепте жұмыс істедім. Кейіннен осы орталық ашылуына орай жұмысымды осында ауыстырдым. Міне, қазір балаларға ағылшын тілін үйретудемін. Бұл жерде балаларға барлық жағдай жасалған. Олар әлі кішкентай. Бұл олардың ағылшын тілін тез үйреніп, тез қабылдауларына үлкен әсер етеді. Мен оларға сабақ барысында көптеген әдіс-тәсілдер мен ойын түрлерін пайдаланып, қызықты әрі пайдалы мағлұматтармен бөлісуге тырысамын, – дейді орталықтың ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ақбаян Байдаринова.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ТЕАТР

## АҢЫЗ бен АҚИҚАТ

*үйлесім тапқан қойылым*

**«Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп Ғабит Мүсірепов баға берген театр өнері көрерменге өмірді түрлі көркемдік әдіс-тәсілдермен дәл әрі нақты жеткізе білетіндігімен қай кезде де ерекше. Осы тұрғыда қазақ театр кеңістігінде жезқазғандық С.Қожамқұлов атындағы музыкалық драма тератрының да орны салмақты, қосары қомақты екендігі даусыз. Көрерменді сапалы дүниелерімен таңқалдырудан танбаған театр қырғыздың гуманист, біртуар шебер жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Шыңғысханның ақ бұлты» спектаклін сахналап, залдың ыстық ықыласы мен қошеметіне тағы да ие болды.**



Бала күнінен жетімдік зардабын көп кешіп, ағайындарынан араздық көрген Темучин Есугейұлының, яғни, Шыңғысханның ауыр тағдырды басынан өткере ер жетіп, қиындықтар арқылы шыңдалғанын, қайтпас қажырының арқасында әлемнің жартысын жаулап алғандығы баяндалатын шындық пен аңыз астарласқан спектакльде бала Шыңғысханды – Зинура Нұрашева, жігіт Шыңғысханды – Нұржан Жарулла, қарт Шыңғысханды Серік Бұлғақбаев сомдады. Қойылымның режиссері – Теміржан Әбдірәлім, көркемдік жетекшісі – Кенжетай Әбілдин.

Бала күнінен Көк Тәңірінің шапағатына бөленген Шыңғысхан барлық жауларын тізе бүктіріп, қаһарлы қаған атанады. Оны әрдайым Көк Тәңірі жіберген төбесіндегі бір шөкім ақ бұлт қорғап тұрады. Қылышынан қан тамған қағанның әлемді түгел жер жастандырсам деген ниеті күннен күнге еселене түседі. Сондай жорықтардың бірінде ол өз әскерлеріне көздеген мекенді жаулап алғанша әйелдерден бойларын аулақ ұстауға бұйырады. Сол кезеңде бірін-бірі шын ұнатқан қос ғашық түменбасы Ерден мен жорық туын кестелеуші Дөгелең арасындағы сезім үлкен махаббатқа ұласып, Дөгелеңнің аяғы ауырлайды. Хан жарлығынан қорыққан ол ел арасынан тасада босанып, Құлан есімді ұл баланы дүниеге әкеледі. Бірақ, қанша жасырғандарымен құпиялары әшкере болып, өз жарлығын аяқасты еткендігіне қаһарланған Шыңғысхан қос жасты өлім жазасына бұйырады. Жапан түзде Алтын есімді күтушінің қолында дала кезіп, аштықтан өлермен болған нәресте Құланның зарын естіген Көк Тәңірі кәрі Алтынның көкірегін жібітіп, бойына сүт дарытады. Осылайша сәби аман қалады. Ал, Ар-ожданын тыңдамай, Қажыр-қайратының соңынан еріп, тек әлемді аяқ асты етуді ойлаған Шыңғысханның басынан ақ бұлты ауып кетеді. Міне, соның салдарынан жойқын жеңіліске ұшырап, сан мыңдаған әскерінен айрылған Шыңғысханның өкінішімен аяқталатын спектакль ерекше қойылымдық шеберлігімен есте қалды.

– Бұл менің үлкен сахнадағы алғашқы рөлім. Негізі, актриса болғым келмейтін. Одан гөрі спорт саласына деген қызығушылықтарым басырымырақ болды. Бірақ, осы қойылымнан кейін актерлік өнерге деген қызығушылығым арта түсті. Әрі бір жағынан ер баланың, оның ішінде батыр Шыңғысханның балалық шағын ойнау мен үшін де өте қызықты болды. Осы образ үшін шашымды қысқарттым. Халық әртісі Досжан Жанботаев ағамыз да ерекше ықыласын білдіріп, сәттілік тіледі. Алдағы уақыттарда да барынша актерлік шеберлігімді арттыруғатырысамын, – деді өз сұхбатында Жезқазған саз колледжінің ІІІ курс студенті Зинура Нұрашева.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**




## «ҚАЗАҚМЫС» ЖЕЗҚАЗҒАН ӨҢІРІН ДАМЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҰСЫНДЫ



**«Қазақмыс» корпорациясы Жезқазған өңірін дамытудың драйвері болуға ниетті. Холдинг басшылығы Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбекке әлеуметтік бастамаларын ұсынды. Жоспарларды іске асыру компанияның, республикалық және облыстық билік органдарының бірлескен әрекеті арқасында мүмкін болмақ.**

– Жалпы, бағдарламада қарастырылған мәселелердің шешіміне біз қала құраушы кәсіпорын ретінде қатысқымыз келеді. «Қазақмыс» корпорациясы активтерінің 95%-ы қазір Қарағанды облысында шоғырланған. Жер қойнауын пайдалану және өңдеу нысандары негізінен Жезқазған өңірінде орналасқан. Бұл – біздің барлық өндіріс көлемінің 60%-ы. Біз БҰҰ әдістемесіне сүйене отырып, талдау жүргіздік. Өңірдің қалай дамуы керек деген өз көзқарастарымызды әзірледік. Және де ондағы өз рөлімізді анықтадық. Компанияның тұрақты дамуы біздің жұмысшылар мен олардың отбасылары тұратын қаланың немесе ауданның, кенттердің тұрақты дамуынсыз мүмкін емес, – деді Эдуард Огай.

Бастамалар өмірдің барлық салаларына қатысты – сапалы ауыз су мәселесін шешуден бастап мәдениет пен спортқа дейінгі мәселелерді қамтиды.

Өткен жылы «Қазақмыс» көп балалы отбасылардың тұрғын үй мәселесін шешуге атсалысты. «Kazakhmys Copper» АҚ Басқарма төрағасы Бақтияр Қырықпышевтің айтуынша, әлеуметтік қорғалатын санаттарға пәтер беру жалғасады. Сонымен қатар, компания тұрғын үй құрылысына қатысуға дайын.

Әлеуметтік жобаларға мұғалімдердің біліктілігін арттыру, оқыту және жұмысқа орналастыру орталықтарын құру, медициналық мамандарды қолдау, Жезқазған театрының базасын нығайту және т.б. кіреді.

Бірқатар бастамалар азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешуге және бағаны төмендетуге бағытталған. Жезқазғанда тарату орталығы құрылуда. Ол жергілікті нарықты азық-түлік өнімдерімен толтыруға мүмкіндік береді. Жоба «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша мемлекеттік қолдаумен жүзеге асырылуда.

Бұл жобаны іске асыру өңірде мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

– «Қазақмыс» әлеуметтік бағдарланған компаниялардың бірі екенін біз әрқашан білгенбіз, және де оған тағы да көз жеткізіп отырмыз. Сіздердің жоспарларыңыз біздің міндеттерімізбен толық үйлеседі. Бұл – күн сайын бюджет мүмкіндіктерін ескере отырып шешуге тырысатын проблемалар. Бізде бірқатар ірі жобалар бойынша өз жоспарларымыз бар. Сіздердің жүйелі көзқарастарыңыз бізді толығымен қанағаттандырады. Ендеше күш-жігерімізді жұмылдыратын боламыз. Нәтижесінде жақсы бесжылдық бағдарлама пайда болуы тиіс, – деді Жеңіс Қасымбек.

Облыс әкімі өз командасына басқарма басшылары атынан әр бағытты пысықтауды тапсырды. Сондай-ақ, Жезқазған мен Сәтбаев қалаларының әкімдеріне де тапсырмалар берілді.

**Өз тілшіміз**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## МИНИСТРЛІК БЕЙБІТ ЖИЫНДАР ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАСЫН ТАНЫСТЫРДЫ

**ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Есин Әділет министрлігінде өткен ведомствоаралық комиссия отырысында «Қазақстан Республикасында бейбіт жиындарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі» туралы заң жобасының тұжырымын таныстырды.**

– Біз ұсынып отырған заң жобасы – 1995 жылы Қазақстанда қабылданған заңды алмастырғалы отырған жаңа құжат. 1995 жылы баптардың форматының саны 12 болса, жаңа заңда 21 бап қарастырылып отыр. Біріншіден, бейбіт жиындардың заңнамалық базалық қағидаттарын енгізбекпіз. Екіншіден, заң жобасына анықтамалық аппарат енгізіледі. Сонымен қатар, заңда бейбіт жиынды ұйымдастырушылардың, қатысушылардың, журналистердің мәртебесі, міндеті мен құқығы айқындалады. Сондай-ақ, заңға мемлекеттік органдардың құзыреті енгізіліп, бейбіт жиын өткізуге болатын орындар белгіленеді. Пикет, митинг, жиынға арнайы орындарда 250 адамнан аз халық қатысқан жағдайда – бейбіт жиынды өткізудің хабарландыру тәртібі енгізіледі, – деді ведомствоаралық комиссиядан кейін тілшілердің сұрағына жауап берген Данияр Есин.

Вице-министрдің айтуына қарағанда, осы айтылғандармен қоса регламенттік тәртіп те енгізіледі.

–Алегер демонстрация, митинг, шеруге қатысушылардың саны 250 адамнан асса – бейбіт жиын өткізу үшін рұқсат алу керек болады. Сондай-ақ, хабарландыру мен өтінімді қараудың нақты механизмі бекітіледі. Бейбіт жиын өткізудің насихат институты енгізіледі. Сондай-ақ, бейбіт жиын өткізуден бас тартылатын негіздемелердің тізімі дайындалады, – деді ол.

Айта кетейік, Президент Қ.Тоқаев 2019 жылдың қыркүйегінде халыққа жариялаған Жолдауында митингтер туралы заңнаманы жетілдіру қажеттігін атап өткен болатын.

«Конституцияға сәйкес азаматтарымыздың өз ойын еркін айтуға құқығы бар. Егер бейбіт акциялар заңның шеңберінен шықпайтын және азаматтарымыздың тыныштығын бұзбайтын болса, бұған түсіністікпен қарап, жиындарды өткізу үшін арнайы орын бөлу қажет. Мұндай орындар қаланың шетінде болмауы тиіс. Алайда, заңға қайшы және бұзақылық әрекеттерге шақыратын үндеулерге заң шеңберінде тосқауыл қойылады», – деген еді Мемлекет басшысы.

## ШВЕЙЦАРИЯДА АБАЙ мен ӘЛ-ФАРАБИГЕ АРНАЛҒАН ПОШТА МАРКАЛАРЫ ШЫҒАРЫЛДЫ

**Швейцарияда қазақтың ұлы ақыны Абайдың 175 жылдығына және түркі философы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған мерейтойлық пошта маркалары шығарылды.**

ҚР Сыртқы істер министрлігінің мәліметіне сәйкес, пошта маркаларын шығару бастамасын Қазақстанның Швейцариядағы Елшілігі көтерген. Дипломатиялық өкілдік маркаларды күнделікті іскерлік хат алмасуда қолданатын болады. Сондай-ақ, оларды Швейцария бойынша тарату жөнінде келіссөздер жүргізілуде.

Айта кетсек, аталмыш елде халықаралық филателиялық көрмелер бірнеше рет өткен болатын. Бұл мемлекеттің поштасы мен пошта маркалары елдің басты брендтері саналады. SwissPost маркалары коллекционерлер мен туристер арасында өте танымал. Ал бұл компанияның хат айналымы жылына 2 млрд хатқа дейін жетеді.

«Швейцарияда заманауи цифрлық технологиялар мен электрондық қызметтердің жоғары дамуына қарамастан, пошта ең танымал байланыс ресурстарының бірі болып табылады. Бұл тек елдің азаматтары мен тұрғындарына ғана емес, сонымен қатар компаниялар, халықаралық ұйымдар, федералды, кантондық және муниципалды органдарға да қатысты», – делінген СІМ мәліметінде.

## ҚАЗАҚСТАНДА 200 ВОЛОНТЕРЛІК ҰЙЫМ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

**Қазақстанда 200 волонтерлік ұйым жұмыс істейді. Бұл туралы волонтерлердің «BIRGEMIZ» республикалық фронт-кеңсесін ресми іске қосу шарасында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев айтты.**

– Волонтер жылы аясында бірқатар ауқымды жобаны жүзеге асыру көзделуде. Осы ретте бүгін ашылып отырған фронт-кеңсе еліміздегі волентерлік қызметті жаңа деңгейге көтереді деп сенемін. Бұған қоса, құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, өзіңіз бастама қылып көтерген қайырымды істер жылын жоғары деңгейде ұйымдастыруда фронт-кеңсе бар күш-жігерін жұмсайды, – деді Дәурен Абаев салтанатты шараға арнайы қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қарата айтқан сөзінде.

Министрдің дерегінше, бүгінде елімізде 50 мың белсенді азаматы бар 200 волонтерлік ұйым жұмыс істейді.

– Мәселен, Сіз бастама жасаған «Таза Қазақстан» акциясына 300 мың адам қатысты. Осы жылы бұл акцияны жалғастырамыз. Меніңше, қатысушылар саны миллион адамға жетіп қалуы тиіс. Биыл Қазақстан дүниежүзілік акцияның қатысушысы болады. Өзіңізде жақсы білетін жақсы мысалдарымыз да бар. Ол – Арыс. Сол кезде еріктілер, оның ішінде жүздеген жас Арысты қалпына келтіруге қатысты, – деді ол.

Оның атап өтуінше, бүгінде қазақстандықтардың тек 6 пайызы ғана волонтерлікпен белсенді айналысады. Дегенмен, волонтерлік шараларға қатысуға ниетті қазақстандықтардың саны 48 пайызға жуықтайды.

## ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗҒАН ЖҮРГІЗУШІГЕ АЙЫППҰЛ ТУРАЛЫ ТЕЛЕФОНЫНА ХАБАРЛАМА ЖІБЕРІЛЕДІ

**Алматы полициясы жол ережесін бұзғаны үшін айыппұлдар жүргізушінің телефонына келетін болғанын хабарлады.**

– Айыппұлды төлеу туралы хабарландыру хаты мәтіндік хабарлама ретінде egov порталында көлік иесі өзі көрсеткен ұялы байланыс нөміріне жіберіледі. Бұл бапқа сәйкес әкімшілік жазаға тартылған тұлға өзі көрсеткен мекенжай мен электронды пошта, телефон нөмірін дұрыс көрсетуге міндеттеледі, – деді қалалық ПД Әкімшілік полиция басқармасының басшысы Жандос Мұраталиев.

Аталған баптың 6-7 бөлімдеріне сәйкес адресат хабарламаны алудан бас тартқан жағдайда бұл туралы құзырлы органның лауазымды тұлғасына мәлімет жіберіледі.

Алайда бұл әкімшілік іс қозғауға кедергі болмайды.

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ



**Қалалық әкімшілік ғимаратында аймағымыздағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою комиссиясының кезекті отырысы өтті. Жиын басында сөз алған Жезқазған қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Ләззат Төлеуғалиева «Қазгидромет» ауа райы болжамының хабарлауынша биылғы қыстың үш айында жауған қар биіктігі 30,8 мм-ді құрағандығын, бұл былтырғымен салыстырғанда 2,5 есе артық екендігін жеткізді. Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында басқарма меншігінде 105 құтқарушы маман мен 15 ауыр техника және өзге де құтқару құрылғылары жұмыс жасауда.**

– Қыс айларында топырақтың құрамы 10-15 см-ге дейін, су айдындарының мұздары 35-40 см-ге дейін қатты. Құбылмалы ауа райы тұрғындардың жол қатынасына басты қиындық тудырып отыр. Қазіргі таңда қар тазалау жұмыстары белсенді түрде жүзеге асуда. Бүгінге дейін 43 ш.м аумақ қардан тазартылды. Қабанбай батыр, Қостанкелді, Кенесары хан ықшамаудандары қардан тазартуды аса қажет етіп отыр. Күн жылынып, көктем келісімен су тасқыны қаупі де жақындайтыны сөзсіз. Бүгінде Кеңгір су қоймасындағы су көлемі 241 млн ш.м-ді құрап отыр. Бұл оның арнасының 76%-ға толып тұрғандығын көрсетеді. Су тасқыны бола қалған жағдайда, алдымен, Қара Кеңгір өзені бойында орналасқан 1, 2, 3 ауылдарға келер қауіп көп. Сол себепті де қауіпсіздік шаралары күшейтілуде, – деді ол өз баяндамасында.

Қардың қалың жауғаны салдарынан Теректі елді-мекені жанындағы республикалық маңызы бар Қызылорда-Павлодар бағытындағы жол бойын үлкен көлемде қар басып, көлік қатынасына қиындық тудырып жатқандығы да сөз болды. Ауыл маңынан өтетін Жезқазған-Қарағанды жолының да жағдайы мәз емес. Жиын барысында Қайрат Бапанов аталған бағыттардағы жол қозғалысына жауапты ДЭУ-44 «Қазақавтодор» және Қазақстан темір жолы Жаңаарқа филиалы басшыларына арнайы техникалар көмегіне жүгіне отырып, жол қозғалысын ретке келтіруді тапсырды.

Қала ішінде де қардан бөлек, жолдарды мұз басып, тұрғындардың жол жүрісі мен көлік қозғалыстарының қиындағанын атап өткен қала әкімінің орынбасары қалалық білім бөлімі мен денсаулық сақтау бөлімдеріне және өзге де мекеме басшыларына қауіпсіздікті ойлай отырып, меншікті аула және көше бойларын қар мен мұздан тазартуға ықпал жасауларын тапсырды. Сонымен қатар, қала маңындағы ауыл әкімдеріне жол қатынасын үнемі бақылауда ұстауға нұсқау берді.

# ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ ҚАЖЕТ

**Жезқазған қаласында мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдай жасалған ба? Осы сұрақтың жауабын табу мақсатында арнайы мониторингтік топ құрылды. Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова жетекшілік еткен топтың алғашқы бағыты – Жезқазған автовокзалы. Автовокзалға кіре берістен-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасалмағандығы байқалды. Автовокзал пандусының арнайы стандартқа сай еместігі анықталды. Ең сорақысы – мүмкіндігі шектеулі жандар кіретін есік мүлде ашылмаған. Аталған мәселе бойынша автовокзал директоры Махсұт Ахметбеков есік кілті бұзылғанын сылтау етті. Арнайы топ жолаушылар билетін сататын кассаларда да мүлде пандус орнатылмағандығына куә болды.**



Одан әрі теміржол вокзалына бақылау жасалды. Бұл жерде де мүмкіндігі шектеулі жандарға жасалған жағдай көңіл көншітпейді. Қоларба көмегімен жүретін жандарға кіреберіс есікті ашу мүлде қолайсыз. Сондай-ақ, пойызға шығар жолда есіктің пандустары стандартқа сай емес. Арнайы дәретхана да қарастырылмаған.

– Шындығында, теміржол вокзалында мүмкіндігі шектеулі жандарға жасалынатын жағдай бұрынғыға қарағанда біршама жақсарды. Билет кассасына пандус қойылды. Енді билет алуда еш қиындық туындамайды. Дей тұрғанмен, әлі де болса олқылықтар бар екендігі жасырын емес. Солардың ішіндегі өзектісі – инватакси тұрақтарының жоқтығы. Бізді әкелген көліктер арнайы көлік тұрағының жоқтығы салдарынан бізді алыстағы бағдаршамның қасына тастап кетуге мәжбүр. Ал, біздер үшін ол жерден вокзалға дейін жету оңай емес. Вокзалға жақын көлік тұрақтары әрдайым бос болмайды. Себебі, ол жерлерді ерте келіп алған такси жүргізушілері иемденіп алған. Міне, осының зардабын біз көрудеміз. Осындай басссыздықтардың салдарынан кейде вокзалға жедел жәрдем көлігі мен өрт сөндіру көліктері де кіре алмай жатады. Сондай-ақ, айта кетер тағы бір мәселе – мүмкіндігі шектеулі жандар жүруге арналған вокзалдан пойызға дейінгі арнайы жолдың жоқтығы, – деді мониторинг топтың жұмысына атсалысқан «Ақсауыт» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абзал Әбжаппаров.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә Әлкебаева биыл әкімдік тарапынан 350 жол белгісіне қаржы бөлінгендігін, соның нәтижесінде вокзал маңына да арнайы инватакси тұрағы жасалатындығын жеткізді. Ал, теміржол вокзалының директоры Ләззат Алтаева аталған мәселелер бойынша вокзал меншігіне жауапты «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясына хат жолдағандығын, соның нәтижесінде биылғы жылғы жөндеу жұмыстарына бөлінген қаржы есебінде Абзал Әбжаппаров көтерген мәселелер де шешімін табатынына сендірді.

Мониторинг соңында қала әкімінің орынбасары жауапты тұлғаларға ескерту жасап, көтерілген мәселелерді екі ай көлемінде түзетуге уақыт берді.

**Ай СҮГІР**

ТАҒАЙЫНДАУ

# ЖАҢА ОРЫНБАСАР

*іске кірісті*



**Қала басшысы Қайрат Бегімов қала активіне жаңа орынбасарын таныстырды. Әкімнің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласы бойынша орынбасары лауазымына 2018 жылдан бері Малшыбай селосы әкімі қызметін атқарған Қайрат Бапанов тағайындалды.**

Қайрат Бапанов 1975 жылы Сәтбаев қаласында туған. Жоғары білімді. 1993 жылы Жезқазған ауылшаруашалығы институтын экономист бухгалтер, 2007 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 1993 жылы Жезқазған қаласының салық инспекциясында инспектор қызметінен бастаған ол әр жылдары механик, оқшаулаушы, жетекші инженер сынды жұмысшы мамандықтармен қатар лауазымды қызметтер де атқарды. Атап айтсақ, «КМ Logistic» ЖШС қызметкерлерді басқару бөлімінің басшысы, Жезқазған қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы директоры болды.

Жаңа орынбасарының жұмысына сәттілік тілеген Қайрат Баяндыұлы коммуналдық салада қордаланып қалған мәселелерді шешуге қатысты нақты тапсырмалар жүктеді.

**Бота ШАЛҚАР**

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

# ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК ҚОЛЖЕТІМДІ




**Азаматтарды құқықтық тұрғыдан сауаттандырып, тұрғындардың уақытын үнемдей отырып, сот жұмысына деген сенімін нығайту мақсатында қалалық сот төрағасы Жанболат Шортанбаевтың қатысуымен ашық есік күні өтті.**

– Біздің басты мақсатымыз – кез келген жағдаятта тұрғындарға тура жол сілтеп, ақыл-кеңес беру. Бұндай ашық есік күндері сот ғимаратында ай сайын ұйымдастырылып тұрады. Сот жүйесінде халықтың сенімін нығайту өте маңызды. Сол себепті, қалалық сот та ашықтықты басты назарға алып отыр, – деді ол.

Ашық есік күні екі қала тұрғыны келіп, алаңдатқан мәселелерімен бөлісті. Оның біріншісі, Шахтинск қаласында қараша айында өткен сот процесі кезінде шығарылған үкіммен келіспейтіндігін айтып, кеңес сұрай келіпті. Сот процесі кезінде Жезқазғанда тұратын күйеуінің пікірі ескерілмегендігін көрінеді. Бұл мәселе бойынша сот төрағасы Шахтинк қаласы сотына арнайы апелляциялық шағым жазу керектігін түсіндірді. Ал, екінші тұрғын қолхат арқылы көлігін сатып жіберген. Көліктің жаңа иесінің жеке бас мәліметтерін толық білмейтіндіктен, сатып алушыны таба алмай қалған ол енді автокөлік салығын өзі төлеуге мәжбүр. Мәселенің анық-қанығын білген Жанболат Бектұрсынұлы нотариус арқылы тіркелмей, қолхат арқылы көлікті сату салық төлеу жауапкершілігінен босатпайтынын жеткізді. Сондай-ақ, бұл жайттың шешімі сатып алушыны тауып алып, заң жүзінде құжаттар дайындағаннан кейін ғана шешілетіндігін баяндады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# ПАРАҚОРЛЫҚТЫ ЖЕНУ – ОРТАҚ ІС

Мемлекет басшысы елімізде жемқорлықтың дендеп кеткеніне алаңдаушылық білдіріп: «Жыл сайын Қазақстанда орташа есеппен 2 мыңнан астам сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық іс тіркеледі. Мыңнан аса адам жауапқа тартылады. Бұл – батпандап кіріп, мысқалдап шығатын кесел. Осы ауруды қазір шұғыл түрде емдемесек, ертең кеш болуы мүмкін», – деп қоғамның қауіпті дертімен күресудің негізгі шараларын ұсынды. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Өкінішке орай, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді.

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер участкесін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекетке қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де орын алуда.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Кеңестер одағы кеңістігінде алғаш рет «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылдады, бұл заң жобасы арқылы жемқорлыққа қарсы күрестің негізі принциптерін анықтап, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың және оған байланысты жауапкершіліктің артылуының түрлері анықталды. Елімізде 18 қараша 2015 жылы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданғаны да баршаға мәлім.

Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізуде.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Әлеуметтік желінің, өзге де медиа-ресурстардың дамуы жағдайында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек көруі күрестің қуатты құралына айналуы тиіс.

**Динара БАЛГОЖИНА**
**Жезқазған қалалық сотының бас маман-сот отырысының хатшысы**

15 АҚПАН – КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 31 ЖЫЛ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

# ЖҮРЕКТЕГІ ЖАРА ЖАЗЫЛМАЙДЫ



Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – Бақытжан Ыдырысұлы Кенжахметов. Ол – соғыс өртін өз көзімен көрген «Ауған халқының интернационалист жауынгерге алғысы» медалімен марапатталған ауған ардагерлерінің бірі.

1969 жылдың күзінде Жезді қалашығында туған Бақытжан ағамыз өз қатарластарынан қалмай мектеп бітірген 1986 жылы аудандық военкоматтан шақырту алады. Жезқазған-Ұлытау аймағынан Қарағандыға жөнелтілген 200-ге тарта болашақ сарбаздың ішінен медициналық комиссия мүшелері 20 жігітті бөлек таңдап, «сендер шетелге аттанасыңдар» деп дәмелендіріп қойған.

– Бізді «команда 20А» деп атайтын. Шетел дегенді естіп алып, тіпті мәзбіз. Бұған дейін қаланы көрмеген ауыл баласына, әрине, шетел деген қызық. Жиырма жігіттің ішіндегі жетеуімізді пойызбен Ташкент арқылы Түркменстанның Иолатань қаласындағы оқу бөліміне жеткізді. Сонда біздің ауған жеріне аттанатынымыз ашық айтылды. Шегінерге жол жоқ екенін ұқтық та іштей бұл шешіммен келістік, – деп өткенге оралған Бақытжан Кенжахметов алты ай бойы соғыс техникасын меңгеріп, қару-жарақ түрлерін мақсатты пайдалануға машықтанған соң Ауғанстанның Пули-Хумри қаласына жөнелтілген. Майдан даласына жетпей-ақ сарбаздар «душман» деп аталған жаудың соққыларын сезіп үлгерді. Жауға тізе бүкпей төрт көздері түгел әскери бөлімге келген соң, Бақытжан аға жанар-жағар май құбырларын жөндеуші қызметіне кірісіп кетеді.

– Оқу-жаттығу кезінде бізді жаудың соққысына төтеп берумен қатар керасин мен дизель отынын тасымалдайтын құбырларда орын алатын аварияларды жоюға үйретті. Ұзындығы алты метр болатын 60 құбырды әр сарбаз небәрі 10-12 минутта жинауы тиіс болатын. Себебі, жанар-жағар май құбырлары күллі кеңес әскерінің күретамыры еді. Керасинді тікұшақтарға, ал дизель отынын әскери техникаға пайдаланатын. Жау оны ұрлау арқылы бізге көп шығын келтіретін. Ұрлап қана қоймай, құбырларды тесіп кететінін қайтерсің?! Отын ең далаға жайылып жататын. Ең қорқыныштысы сол өрт басталса, соңы жарылысқа апарып, апатты ауыздықтау мүмкін болмайды. Сондықтан, біздің бөлім 250 шақырымдық құбырлардың сақтығына жауап берді. Әр стансада орналасқан қысым датчиктері жанар-жағар май ұрланып жатқан аймақты көрсететін. Біз екі БТР-ге тиелген жаяу әскердің көмегімен оқиға орнына дереу жетіп, құбырды ауыстыратынбыз. Жөндеу жұмыстары кезінде жаяу әскер бізді жаудан қорғайтын еді. Түнгі уақыттағы апаттарды жөндеу қиынның қиыны еді. Өйткені, жау үшін қараңғыда соққы жасау оңайырақ болатын. Бірде тістеріне дейін қаруланған «душмандар» гранатометпен атқылағаны есімде, – деп біраз үнсіз қалған батырдан әрі қарай қазбалап сұрай беруге де қымсындық.

1988 жылдың күзінде ауған жерінен шығарылатынын естіген әскердің сарбаздары арқасын кеңге салып, қуануға асықпады. Өйткені, жау тұтқиылдан шабуылдайтынын жақсы білді. Әскерді аман алып шығу үшін әскери қолбасшылар жергілікті көшбасшыларымен мәміле жасасты. Сөйтіп, сарбаздар Грузияның Термес қалашығына есен-сау жетіп, елді-еліне тарқасады.

Туған жеріне оралған Бақытжан Ыдырысұлы соғыстың аты мен оқтың үнін ұмытуға тырысып-ақ бақты. Еңбекке араласты, шаңырақ көтерді. Ұзақ жылдар бойы Оңтүстік Жезқазған кенішіндегі №65 шахтада қопарушы қызметін атқарды. Қазір «Адал Еңбек» ЖШС-де. Жары Гүлнәр Әлиақпарова екеуі Айсұлу мен Лаура есімді қыздарын қияға қондырып, немере сүйген жайы бар. Кенжелері Жансая мен Нұржан – озат оқушылардың қатарында.

Бір қарағанда төрт құбыласы тең апталдай азаматтың жүрегі жаралы, жанары мұңды екенін байқау қиын. Бүгінгі ұрпақ кинодан көретін соғыс әр түн болмаса да, жиі түсінде енетін оны майдандас достарының қатары сиреп жатқаны қынжылтады. Ерен ерліктің үлгісін көрсеткен Жезқазған өңірінен шыққан интернационалист жауынгерлер Манарбек Сансызбаев пен Ғибадат Құттыбаевты көзі тірісінде танығанын алға тартқан Бақытжан ардагер бүгінде аралас-құралас достары Рахметулла Ілиясов, Қайыржан Рсалдинов, Марат Қаскенов пен Базылбек Ибраев, Берік Әлібаев есімді ерлерді атап өтуді сұрады. Мұңы да, сыры да бір ауған соғысы ардагерлерінің тілегі де бір. Ол тілек «соғыс болмасын» деген екі-ақ сөзге сияды...

**Бота ШАЛҚАР**

# ЕР ЕСІМІН АРДАҚТАДЫ

**Жезқазған қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің №9 үлгілі кітапхана филиалында жауынгер интернациолист Асылбек Мамажановты еске алуға арналған «Ауғанстан – сөнген шоқ, өшкен арман» атты естелік сағат өтті.**

Кездесуге Асылбектің сыныптас достары М.Бекенов, С.Баймағызов, Т.Игібаева, Б.Байсымақова, О.Момбаева, К.Ақбасова, Қ.Ибраева шақырылды. Ұйымдастырылған шараға №10 орта мектебінің кітапханашысы Г.Мырзақұлова мен оқушылар және кітапхана оқырмандары қатысты. Кітапхана меңгерушісі Т.Күлсейтова оқырмандарға ауған соғысы жайлы мәлімет беріп, Н.Нұрғалиева, А.Қажмағанбетова «Мәңгілік ел мұрасы» атты электронды деректі көрсетіп, «Ауған ақиқатты» атты кітап көрмесіне шолу жасады.



Соғыста қайтпаған жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алған соң, Асылбектің қаладағы №8 қазақ орта мектебінде бірге оқыған сыныптастары өздерінің балғын балалық шақтары, оның озық ойлары мен армандары, мінезі жайлы айтты. Келген қонақтар тәрбиелік мән зор шараның ұйымдастырушыларына ризашылығын білдірді.

Келер ұрпақ тарихты, елімізді көркейту жолында қажырлы еңбек сіңірген, азаматтық ерлік танытқан ұл-қыздарын білуі керек. Біз осы мақсаттан таймай, атсалысуға даярмыз.

**Тілек ИГІБАЕВА,**
**№9 үлгілі кітапхана филиалының оқырманы.**

# ЕРЛІКТЕРІ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

**Он жылға созылған ауған соғысына біздің аймағымыздан да жауынгерлер аттанып, ерен ерлік үлгісін көрсеткен. Осынау қан майдан арасында Отаны үшін от кешіп, жанын берген батыр ағалардың өмір жолымен кеңірек таныспақ мақсатта Жезқазған политехникалық колледжінің оқушылары «Ауғанның асуында от кешкендер» атты кездесу ұйымдастырды. Жиынға ауған соғысы ардагерлері Ақылбек Аманов пен Дәулет Әлібеков шақырылды.**



– 15 ақпан – Ауғанстаннан соңғы кеңес әскерінің шығарылған күні. Бұл – Отанымыз үшін де, жауынгерлер үшін де, олардың ата-аналары мен туған-туыстары үшін де ешқашан ұмытылмас күн еді. Он сегізге енді ғана толып, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге кеткен мен және өзге де жауынгерлер аяқ-астынан қан майдан ортасына аттанатынымыздан мүлде бейхабар едік. Сол кезде жас жауынгерлерге ата-аналарымен қоштасуға мүмкіндік берілмейтін. Олардың арасын қақпа бөліп тұратын. Ал, біз аттанып бара жатқанда басшылар қақпаны ашып жіберіп, жақындарымызбен емін-еркін тілдесуге мүмкіндік берді. Сонда біз алыс сапарға аттанып бара жатқанымызды іштей сезіндік. Осылай барлық жауынгерлерді Чечен-Ингуш АКСР-ындағы Грозный қаласына апарып 2-3 ай аса қатал әскери дайындықтан өткізді. Дайындық біте салысымен Ауғанстан жеріне аттандық. Ол жерде өлім мен өмір арасында күн кештік. Қаншама жауынгер достарымыз көз алдымызда мерт болды. Бүгінде Жезқазғанда 86 ауған соғысының ардагері бар. 5 жауынгер ауған жерінде, 21 жауынгер елімізге келіп қайтыс болды. Ауған жерінде ерлікпен қаза тапқан Асылбек Мамажанов, Виктор Тарадай, Олег Морозов, Манарбек Сансызбай, Ғибадат Құттыбай мәңгі жадымызда, – деді өз естеліктерімен бөліскен Ақылбек Аманов.

Кездесу қонақтары оқушылармен бірге Калашников автоматтарын шашып, қайта жинады. Одан әрі оқушылар ауған соғысы құрбандарына арналған арнау өлеңдерін оқып, патриоттық әндерін шырқады. Шара соңында колледж директоры Бота Аман қонақтарға алғысын білдіріп, естелік сыйлықтарды табыс етті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

# «ЖАС САРБАЗ» СЫНЫБЫ

## *патриоттыққа тәрбиелейді*

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында көтерілген мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің рөлін күшейтіп, «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестігін құру тапсырмасын орындау мақсатында еліміздің бірқатар аймақтарында орта мектептердің жанынан «Жас сарбаз» мамандандырылған сыныптары ашылғанын естігенде, іштей «Жезқазғанға да керек-ақ» деуші едік. 2020 жылдың басынан көптің арманы ақиқатқа айналып, болашақ ел қорғандарын тәрбиелейтін арнайы сынып Қаныш Сәтбаев есімін иеленген №7 мектеп-лицейінде де өз жұмысын бастады. Білім ордасының директоры Күлпәш Мұқашеваны әңгімеге тартудың орайы келгенде біз «Жас сарбаз» мамандандырылған сыныбының бүгіні мен ертеңінен хабардар болып қайттық.**



***– Патриоттық тәрбие беру бағытында Жезқазған қаласында жұмысты жандандыру қажеттігі, оның ішінде «Жас сарбаз» сыныбын ашу мәселесі бірер жылдан бері айтылып жүргенін білеміз. Неге таңдау сіз басшылық ететін мектеп-лицейге түсті?***

– Әскери-патриоттық тәрбиені күшейтудің маңызды зор. Сондықтан, біздің алдымызда өсіп келе жатқан жасөспірімдерді әскери-патриоттық қызметімізге көбірек тарту міндеті тұр. Неге десеңіздер, өскелең ұрпақ әскери іс туралы базалық білім алуы керек. Олар физикалық дайындалған еліміздің патриот азаматы болып өсуі тиіс. Осылайша, елімізде әскери білім алғандардың резерві қалыптасады. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, олардың спортпен айналысып, техниканы, ақпараттық-технологияны меңгеруіне жағдай жасау арқылы біз бәсекеге қабілетті елдің іргетасын қалаймыз. Сол себепті, «Жас сарбаз» сыныбын ашу мәселесі қала деңгейінде бірнеше рет көтерілді.

Бұл – қажеттілік. Жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу, Отан алдында борышы барын ұғындырып, ұлттық құндылықтарды сіңіру отбасы мен мектеп қабырғасынан бастау алуы қажет. «Тәрбиенің тал бесіктен» басталатынын білген ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең, құл болмақшы» деп ескерткені белгілі. Осы қағиданы басты ұстанымы еткен Қаныш мектебінде әскери патриоттық тәрбие беру мақсатында жоспарланған іс-шаралардан бөлек арнайы бұрыш, ақпараттық тақталар, онкүндіктер мен айлықтар ұйымдастырылатын. Дегенмен де, ол да аздық ететінін байқаған мектеп ұжымы мамандандырылған әскери сынып ашу жөнінде қалалық әкімдік пен білім бөліміне ұсыныс білдірді. Көп ұзамай патриоттық жоба қолдау тауып, Қарағанды облысы әкімдігінің қаржыландыруымен «Жас сарбаз» мамандандырылған сыныбы ашылды.

«Жас сарбаз» сыныбын ашу – ұрпақтар сабақтастығын үзбей, өскелең ұрпақтың бойына жоғары азаматтық әдеп-ті, отансүйгіштік сезімді және адамгершілік қасиетті қалыптастыру жолында жасалған жауапкершілігі мол, маңызды қадам. Өйткені, әскери-патриоттық тәрбие тек әскери тәртіпке ғана емес, білімге, достыққа, тапқырлыққа жетелейді.

***– Әскери сыныптың мақсаты мен міндетіне, сондай-ақ, бүгінгі тыныс-тіршілігіне кеңінен тоқтала кетсеңіз.***

– Басты мақсат – өскелең ұрпақты жоғары азаматтық белсенділікке, патриотизмге, кереғар идеяларға қарсы тұруға тәрбиелеу. Әскери қызметке шақыру жасына дейінгі жастардың Отан қорғауға және әскери қызметке деген оң уәждемесін дамытуды қамтамасыз етуге қабілетті бірыңғай мамандандырылған оқу-тәрбие процесін қалыптастыру, сондай-ақ азаматтарды әскери қызметке даярлау мүддесінде қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру, салауатты өмір салтын насихаттау және жастар арасында дене шынықтыру мен әскери-қолданбалы спорт түрлерін танымал ету де мамандандырылған сынып ұстаздарының басты міндеті болып табылады.

Бүгінде «Жас сарбаз» сыныбында 25 тәрбиеленуші бар. Олардың 23-і ұл және 2-і қыз бала. Барлығының да әскери салаға деген қызығушылығы айырықша. 7 «Г» жас сарбаз сыныбының арнайы тіктірілген әскери формасы, куәлігі, өзінің туы мен гимні, ұрандары бар. Болашақ сарбаздарды іріктеуде бойында патриоттық рухы бар, оқу мен тәрбиені қатар алып жүретін денсаулығында кінәраты жоқ мықты, озат оқушыларға басымдық беріледі. Сүзгіден өткен таңдаулылар жинақталған «Жас сарбаз» сыныптарының сабақтары қосымша оқу ретінде жүргізіледі. Жас сардарлар түске дейін негізгі пәндерді өтсе, түстен кейін әскери дағдыларды үйренеді. 7-сыныптан 11-сыныпқа дейін әскери дәріс алып, мектеп бітіргенде аттестатына «Жас сарбаз» сыныбын бітіргені жайлы сертификат беріледі. Бұл болашағын әскери саламен байланыстыруға ниетті жастарға оң септігін тигізері анық.

Мамандандырылған сыныптың бекітілген жылдық жұмыс жоспарынан бөлек жасөспірімдердің әлеуметтік, мәдени, рухани-адамгершілік және физикалық дамуы үшін жағдай жасау және мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бағытында арнайы құрылып бекітілген тәрбиелік іс-шараларды жоспарлы түрде өткізу мектеп-лицей мұғалімдеріне жүктелген. Меруерт Жанәлі жетекшілік ететін сыныпқа сабақ беретін алғашқы әскери дайындық пәннің мұғалімі Амангелді Бейсенов оқушылардың жауынгерлік машық-дағдысын қалыптастырып, әскери қару-жарақпен таныстырып, саптық жүріс пен пәрмендерді бұлжытпай орындауға үйретсе, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ермек Кәрібай олардың шымырлығын шыңдап, денсаулығын нығайтуға атсалыспақшы.



Жетістікке жету жолында балалардың қызығушылығы мен құлшынысын оята білу маңызды. Сондықтан, біз оқушылардың әскери қызметке деген қызығушылығын алда мамандық етіп таңдауы үшін бар күш-жігерімізді салмақпыз. Осы мақсатта қазіргі таңда аймақтағы әскери бөлімше командирлерімен байланыс орнатып, жастарды сарбаздар өмірімен таныстыру жұмыстары жолға қойылуда. Одан бөлек, мамандандырылған сынып оқушыларын республика, облыс көлемінде өтетін жас сарбаздардың слетіне, спорттық сайыстарына қатыстыру көзделген.



Бала тәрбиесінде әкенің алар орны ерекше екенін ескере отырып, аталмыш сынып оқушыларының әкелерімен тығыз қарым-қатынас орната отырып, бірлесе нағыз ер тәрбиелеу межесін жүзеге асыруға кіріскенімізді де айтпай кетпеске болмас.

***– Кадр мәселесінде қиындық жоқ па?***

– Бар. Әскери сыныпқа сабақ беретін педагогтің әскери тәртіптің адамы болғаны жақсы. «Жас сарбаз» жобасын енді ғана қолға алғанымыздықтан біздің ұжымға әлі де Отанын сүйетін, алдындағы әр жасөспірімді менің елімнің ертеңгі болашағы деп көретін, тұлғаны қалыптастыруда үлесін қосуға мүдделі ұстаздар қажет. Дегенмен, бұл мәселені шешу уақыттың еншісінде деп ойлаймын. Өйткені, біздің өңірде болашақ сарбаздарды жігерлендіре алатын айбынды әскер құрамында еңбек ететін әскерилердің бары анық.

***– Күлпәш Байзадинқызы, уақыт тауып, сұрақтарымызға жауап бергеніңізге алғыс білдіре отырып, оқушылардың тәртібі мен оқу үлгерімін арттыруға, белсенді азаматтық позициясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін «Жас сарбаз» мамандандырылған сыныбының жұмысына сәттілік тілейміз.***

**Бота ШАЛҚАР**

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ

*Рауан КЕНЖЕХАНҰЛЫ, Ұлттық аударма бюросының атқарушы директоры:*

# ДАМЫҒАН ЕЛДЕР, ОЗЫҚ ҚОҒАМДАР ЕҢ ӘУЕЛІ МАЗМҰНЫМЕН АЛДА

***– Рауан Кенжеханұлы, «100 жаңа оқулық» жобасының бүгінге дейін жеткен жетістігі һәм болашаққа жоспарланған бағдары турасында айтып өтсеңіз. Соңғы бір жылда нақты қандай жұмыстар атқарылды?***

– «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы басталғалы үш жыл уақыт өтті. Жобаның мақсаты – гуманитарлық бағыттағы әлемнің ең жақсы деген оқулықтарын аударып, еліміздің барлық жоғары оқу орындарына жеткізу, сол арқылы гуманитарлық білім мен ғылымның мазмұнын жаңарту. Осы аралықта 47 оқулық аударылып, 132 оқу орнына таратылды. Олар – философия, әлеуметтану, психология, тіл білімі, дінтану, тарих, әдебиет және өнертану, құқық, саясаттану, экономика мен кәсіпкерлік, менеджмент пен маркетинг, медиа мен журналистика салаларын қамтиды. Оқулықтарды еліміздің жоғары оқу орындарының оқытушылары мен ғалымдары ұсынады. Бұл – негізінен дүниежүзінің маңдайалды университеттерінің оқу бағдарламаларына кірген, әлемге танымал ғалымдардың миллиондаған данамен таралған кітаптары. Атап айтсақ, Энтони Кеннидің «Батыс философиясының тарихы», Джордж Рицердің «Әлеуметтану теориясы», Эллиот Аронсонның «Көпке ұмтылған жалғызы», Карен Армстронгтың «Құдайтану баяны», Эрнст Гомбрихтың «Өнер тарихы», Грегори Мэнкьюдің «Эконо-миксы», Филип Котлердің «Маркетинг негіздері» және басқа да атақты ғалымдар мен авторлардың танымал оқулықтары аударылды.

100 оқулық жобасынан тыс, биыл бірқатар түсіндірме сөздіктер дайындап, басып шығардық. Ол – «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі», «Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі» және «Оксфорд экономика сөздігі». Сонымен бірге, Ювал Харaридің «Homo Deus: болашақтың қысқаша тарихы» және «XXI ғасырға 21 сабақ» атты кітаптары, Фредерик Старрдың «Ұмытылған ұлылық: Орталық Азияның араб шапқыншылығынан Әмір Темірге дейінгі алтын ғасыры» атты кітабы аударылып шықты. Қазір кезекті 30 оқулық аударылып, баспаға дайындалуда. Олар келер жылдың басында басылып, таратылады.

***– 2020 жылы оқырманын қуантатын 30 кітап тізіміне қандай авторлар енді? Басты-бастысын атап өтсеңіз?***

– 2020 жылы басылатын топтамада театр мен кино өнері, сценарий жазу, білім беру теориясы мен педагогика, этика мен эстетика, зияткерлік меншік құқығы, ағылшын құқығы мен азаматтық процесс, микро және макроэкономика, статистика, жеке қаражат, әлемдік музыка тарихы, әлеуметтік зерттеу әдістері секілді бағыттар қамтылды. Атап айтар болсақ, Жиль Делездің киноға арналған екі томдық еңбегі, Лурьенің «Тарихи этнологиясы», Фрейлихтың «Кино теориясы», Кембридждің «Музыка тарихы», Паркиннің макро және микроэкономика оқулықтары бар. Кітаптар аударылып, баспаға дайындалу үстінде. Бұл 30 оқулықты қосқанда, аударылған кітап саны 77 болады. Сонымен қатар, 2020 жылы аударуға ұсынылып, бекітілген 23 оқулықтың тізімі де бар. Бұл тізімге шығыс философиясы, соның ішінде Қытай, Үнді, Жапон, Араб және Ислам философиясына арналған оқулықтар, тарих пен этнография, демография, келіссөз жүргізу, әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік саясат тақырыбын қамтитын құнды еңбектер кірді.

***– «100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынған үш жылға жуық уақыт ішінде аударма және аудармашылар жұмысын тиімді ұйымдастырудың белгілі бір отандық әдіс-тәсілін қалыптастыра алдыңыздар ма?***

– Рас, бұл жобаның бір мақсаты – заманға сай отандық аударма мектебін қалыптастырып, оны күшейту. Ондай мектеп те, аудармашы мамандар да өздігінен пайда болмайды. Ол үшін осындай ауқымды, жүйелі аударма жұмысы қажет. Қазір жобаға 300-дей маман қатысуда. Олар – аудармашылар, ұстаздар мен ғалымдар, тілші-редакторлар. Бұл ұжым әр кітапты аударып, оны баспаға дайындау барысында бірін-бірі толықтырып, бірінен бірі үйреніп, әрқайсысы маман ретінде күннен күнге өсіп, кәсіби орта ретінде кемелденіп келеді.

Жұмысқа кіріспес бұрын біз ең әуелі аударма жұмысы кең жолға қойылған елдердің тәжірибесін зерттедік. Содан түйгенімізді өзіміздің ыңғайымызға қарай бейімдеп пайдаландық. Әрине, жұмыс барысында әдіс-тәсілдер дамып, жетіліп отырады, бұл – тоқтаусыз процесс. Аудармаға негізінен тіл білетін, әрі оқулықтың пәнін түсінетін мамандарды тартуға тырысамыз. Оқулықтар көлемді болғандықтан, оны бөлім немесе тарау-тарауға бөліп бірнеше маман аударады. Осыдан кейін сол пәнді терең білетін ғылыми редактор аударма мәтінді оқып, өз пікірлері мен ескертулерін айтады. Бұдан соң кезек әдеби редакторға келеді. Оның міндеті – аударма мәтіннің жатық, қазақ тілінің заңдылықтары мен нормаларына сай, ұғынықты да сауатты шығуын қамтамасыз ету. Кейбір ерекше күрделі кітаптарды аудармашылар тобында болмаған, «сырт көз» маманға оқытып пікір сұраймыз. Сонымен бірге, әрбір аударылған оқулық жоғары оқу орындарының тиісті кафедраларында оқылып, құпталады. Осылайша, әр кітапты аударып, баспаға дайындауға бір топ маман, кейбір көлемді, күрделі басылымдарға жиырмаға тарта адам қатысады.

***– Аудармашылардың біліктілігі қандай талаптарға сүйеніп анықталды? Қалай десек те ғылыми аударманың талабы бөлек. Осы тұрғыдан келгенде тәржімашылар арасында салалық ерекшелікке сай тілді де, белгілі бір пәнді де терең меңгерген мамандар бар ма? Ғылыми дәлдікке қаншалықты мән берілді?***

– Дұрыс айтасыз. Академиялық аударманың өз ерекшеліктері бар. Оны пәнді білетін, терең түсінетін, әрі екі тілді де жақсы меңгерген ғалымдар жасауы тиіс. Пәнді білетін, оны кітаптың түпнұсқа тілінде оқып түсіне алатын және түсінгенін қазақ тілінде сауатты, ұғынықты етіп жаза алатын маман табу қиын. Ондай адамдар өте аз. Сондықтан да, түрлі мамандардың басын қосып, оларды ортақ нәтижеге, жұмыла еңбек етуге шақырудан басқа амал жоқ. Әлбетте, аудармашы, ғылыми редактор және әдеби редакторлар арасында пікірталас болады. Ғалымдар ғылыми дәлдікті айтып, мұндай кітаптарды оқу үшін адамға дайындық керектігін алға тартады. Мұндай мәтіндер баршаға бірдей түсінікті болуы шарт емес дейді. Ал, әдеби редакторлар аударма мәтіннің жатық, оқуға жеңіл болуын талап етеді, көркемдік тұрғыдан жоғары талап қояды. Меніңше, осындай кәсіби талқы неғұрлым көп болса, әр маман өз пікірін ашық, қажет болса, ашына айтып, шын жанашырлық көрсетсе, аударма соғұрлым жақсы шығады.

***– «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының әу бастағы негізгі мақсаты һәм басты идеясы – қоғамдық сананы өзгертуге бағытталды десек, бұл талапқа қазақ тіліне аударылып жатқан 100 жаңа оқулық қаншалықты жауап бере алады деп ойлайсыз? Бекітілген тізімнің аталған ұстанымды ілгерілетудегі ықпалы қандай?***

– Аударылып жатқан оқулықтар – мазмұн тұрғысынан біздің гуманитарлық білім мен қоғамдық сана үшін шын мәнінде үлкен олжа. Бұған дейін тек шамасы жеткен ұстаздар ғана бұл оқулықтарды арагідік аударып, оқу барысына қосып жүрген. «Болашақ» бағдарламасымен сыртта оқитын жастар осы кітаптардың негізінде білім алады. Өзіміз де солай оқыдық. Сонда «осы кітаптар қазақ тіліне аударылар ма екен» деп армандайтынбыз. «Болашақ» он мың адамға жол ашып, жақсы білім алуға мүмкіндік берді. Ал мына жоба сондай мүмкіндікті жүз мыңдаған студентке сыйлап отыр. Елімізде 500 мыңдай студент бар, соның оннан бірі ғана осы оқулықтарды түсініп оқып, кейін маман ретінде ортаға қосылып, іске кіріссе, сала-салада, жалпы қоғамда, сөзсіз, ұлан-ғайыр өзгерістер болады. Өз басым оған кәміл сенемін.

***– Жоба қолға алынғалы бері талай шетелдік білікті аудармашы мамандармен бірлесе жұмыс істеу, тәжірибе алмасу мүмкіндігі бұйырды. Әлемдік аударма және жалпы кітап шығару, оны тарату һәм насихаттау мәселесінде қазақ ең әуелі нені басты назарға алуы немесе үйренуі керек деп түйдіңіз?***

– Түйгеніміз аз емес. Біріншіден, дамыған елдер, озық қоғамдар ең әуелі мазмұнымен алда. Қоғамның қуаты, елдің әлеуеті білім және интеллектуалдық мазмұнның деңгейіне сүйенеді, содан нәр алады. Мықты экономика да, тегеурінді саясат та сол мазмұннан шығады. Екіншіден, кез-келген тілдің де қуаты сол тілдегі заманға сай, кең сұранысқа ие мазмұнның жемісі. Ондай мазмұны жоқ тілдің болашағы да жоқ. Ағылшын тілінің күші – ең әуелі ғылым мен білімде. Ал оны алға сүйрейтін сол тілде мол мазмұн жасап отырған оқу орындары мен баспалар. Үшіншіден, оқулық құрастыру, оны жыл сайын жаңарту және басып, тарату – өте күрделі индустрия, үлкен бизнес. Жақсы оқулық авторлары өте ауқатты адамдар. Жақсы оқулық, әдетте, өте қымбат. Мысалы, біздің тізімдегі кейбір оқулықтардың ағылшын тіліндегі нұсқалары дүкенде 200-250 доллар тұрады. Студенттер оны бірінен бірі сатып алып, екінші, үшінші кезек пайдаланады. Сол оқулықтар біздің студенттерге тегін жетіп жатыр.

Меніңше, осы оқулықтарды аударуға қатысқан біздің мамандар мен ғалымдар оқулық құрастырушы автор ретінде де көп тәжірибе жинады. Оқулық құрастыру технологиясы, оның мазмұны, тілі мен стилі, мысалдары мен жаттығулары, кейстері мен көрнекіліктері, қосымша материалдары, тағысын тағы... Осының барлығы өзінше бір әлем. Дүниежүзінің ең үздік оқулықтарын аудару арқылы мамандарымыз сол әлеммен танысып, оның қыр-сырына бойлауға мүмкіндік алды. Енді сол ортадан жаңа үлгідегі төл оқулық авторлары шығады деп ойлаймын.

***– Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда тұлға және маман ретінде қалыптасуға көмектесетін түрлі мотивациялық, психологиялық кітаптарды жаппай оқу әсіресе, жастар арасында жаһандық үлкен қозғалысқа айналып кетті. Ал, Ұлттық аударма бюросы арқылы жүзеге асып жатқан осындай әлемдік бестселлерлердің қазақ тіліндегі нұсқасына оқырман сұранысы қай деңгейде?***

– Сұраныс өте үлкен. Мәселен, осыған дейін аударылған Стивен Ковидің «Жасампаз жандардың 7 дағдысы» деген кітабы біздегі кітап дүкендерінде 10 жыл бойы бестселлер қатарында. Орысша басылымдарын Ресейден жеткізіп үлгермейді. Сол секілді бүкіл әлем жарыса оқып, талқылап жатқан Ювал Харaридің «Sapiens: адамзаттың қысқаша тарихы», «Homo Deus: болашақтың қысқаша тарихы», «XXI ғасырға 21 сабақ» секілді кітаптарына деген қызығушылық жоғары. Осындай бүкіл әлем оқып, дәл қазір талқылап жатқан кітаптарды орысша басылымымен жарыса қазақша шығарып жатырмыз. Бізде мұндай кітаптарды қазақ тілінде оқу, талқылау, пікір білдіру мәдениеті қалыптасып келе жатыр. Бұл алда жасалуы тиіс үлкен жұмыстың басы ғана.

***– Қазақ тіліне аударылған оқулықтардың студент, оқытушылардан бөлек, қарапайым қалың оқырман арасындағы қолжетімділігі қанша-лықты қарастырылған?***

– Жоба аясында аударылған оқулықтардың әрқайсысы 10 мың данамен басылып, еліміздегі барлық жоғары оқу орындарына, соның ішінде жеке меншік университеттерге де тегін таратылуда. Сонымен бірге оқулықтардың электронды нұсқаларын интернет арқылы еркін оқуға болады. Олар «Қазақстан ашық университетінің» платформасында орналастырылған. Сондай-ақ кітаптарды сатып алғысы келетін көпшіліктің сұрауы бойынша қосымша тираж басылып, кітаптар еліміздегі ірі кітап дүкендеріне де жетті. Өкінішке қарай, кітап дүкен-деріндегі қазақ тіліндегі кітап әлі аз. Сұраныс бар. Меніңше, сұраныс артуы үшін ұсыныс көбеюі қажет. Бір жақсысы, аудармаға ден қойған баспалар мен жеке баспагерлер көбейіп келеді. Бұған да қозғау салған осы жоба болды десек, артық айтқандық болмас.

***– Әлемдегі озық тәжірибелердің бірі – «Ашық университет» платформасының Қазақстандағы тәжірибесі турасында айтып өтсеңіз? Мұның артықшылығы неде?***

– Интернет технологиялары дамыған сайын ол технологияларды білім беру мақсаттары үшін тиімді пайдалану мүмкіндіктері артып келеді. Бізде оны «қашықтан оқыту», «онлайн оқыту» технологиялары деп атап, көп оқу орындары кеңінен іске қосып жатыр. Дүниежүзінде қазір осы әдіспен білім алатын адам саны 150 миллионнан асты. Бұл технологиялар білімнің сапасын арттыруға да, оның қолжетімдігін қамтамасыз ету мәселесін де өте тиімді шешуге жол ашады. Білім алғысы келетін адам ең озық мазмұн негізінде, ең жақсы ұстаздардың қатысуымен дайындалған оқу курстарын өзіне ыңғайлы жерден, өзіне ыңғайлы уақытта онлайн көріп, оқып, тыңдай алады. Біздің есебімізше, бүгінде 30 мыңға тарта қазақстандық студент осындай шетелдік онлайн университеттен білім алып жатыр, олардың дені ресейлік платформалар. Бізде бұл сала енді-енді қалыптасып, дамып келеді. Оны жедел дамыту үшін сапалы оқу контентін кең ауқымда тездетіп жасақтап, оларды пай-далану әдістемесін жетілдіру қажет. «100 жаңа оқулық» жобасы аясында ауда-рылған жаңа оқулықтар негізінде осындай технология бойынша оқытуға қажетті онлайн курстар жасалып жатыр. Қазір 150-ден аса курс дайындалды. Бұл жалпы саны – 3,5 мыңнан аса лекция, 1200 сағат видео контент. Жасалып жатқан «Қазақстанның ашық университеті» еліміздегі барлық оқу орындары мен студенттері ортақ пайдаланатын жаңа үлгідегі білім беру платформасына айналуы тиіс. Осы орайда шешімін күтетін заңнамалық мәселе бар – біздің білім туралы заңда қашықтан немесе онлайн оқыту деген ұғым жоқ. Осы мәселені шешу үшін Білім және ғылым министрлігімен бірге жұмыс істеп жатырмыз.

***– Қазіргі қазақ әдебиеті антологиясының 6 тілде жарық көруі қазақ ақын-жазушылары шығармаларының әлемге танылуына жол ашқан тамаша жоба болғаны анық. Тіпті бірнеше мемлекетте тұсаукесер рәсімі де өтті. Жалпы, қазақ әдебиетін шетелдіктер қалай қабылдап жатыр? Пікір алмасу, кері байланыс орнату мүмкіндігі бар ма?***

– Иә, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының тағы бір тармағы «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» деп аталатын жобаның аясында қазіргі қазақ әдебиетінің екі жинағы БҰҰ-ның 6 тіліне аударылды. Бұл бұрын-соңды біздің тарихта болмаған жағдай. Әрқайсысына 30 автордан кірген, көлемдері 600 беттік, біреуі поэзия, екіншісі проза жинағы дайындалды. Ең бастысы, ол жинақтарды ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріне аударып басуға, сол тілдерде сөйлейтін негізгі елдердің ең беделді баспалары мен ең тәжірибелі аудармашылары атсалысты. Мәселен, ағылшын тіліне Кембридж университетінің баспасы, Араб тіліне Мысырдың ұлттық білім мен мәдениет орталығы, Испан тіліне Сервантес институтының баспасы, Қытай тіліне Қытайдың Ұлттар баспасы, орыс тіліне Мәскеу мемлекеттік университетінің баспа үйі, француз тіліне Париж қаласы мәдени бірлестігінің баспалары қатысты. Олар аударма мен көркем редакцияға өз елдеріндегі танымал, тәжірибелі мамандарды тартты. Қазақ әдебиетін сол тілдердегі оқырманға таныстыру үшін аса беделді әдебиет мамандары мен қоғам қайраткерлері шақырылды. Ол мамандар аударманы мұқият оқып, әр кітапқа алғысөз жазды. Алғысөз авторларының арасында атақты Британ кеңесінің төрағасы, Испан корольдік академиясының бас хатшысы, Араб лигасының білім, мәдениет және ғылым ұйымының төрағасы, Мәскеу мемлекеттік университетінің филология факультетінің президенті мен Горький атындағы әдебиет институтының басшысы сынды мамандар бар. Осылай дайындалған аударма антологиялар әлемнің 5 құрлығындағы 93 елдің ірі кітапханалары, оқу орындары мен әдеби орталықтарына жеткізілді. Жалпы саны әлемнің 10 мыңдай кітапханасы, 10 мыңдай оқу орыны, 3 мыңдай ғылыми орталығы қамтылды.

Кітаптарды таныстыру да жоғары деңгейде өтті. Мысалы, ағылшын тіліндегі басылымдар Лондондағы әйгілі Британ кітапханасында, испантілді басылымдар Мадридтегі Сервантес институтында, араб тілді аударма Мысырдың жоғарғы мәдени кеңесінде, француз тілді басылымдардың тұсаукесері Париж қаласының мэриясында өтті. Алты тілге аударылған қазақ әдебиетінің антологиялары дүниежүзінің орталықтандырылған электронды библиографиялық жүйесіне кірді. Әлем әдебиеті талқыланатын онлайн жүйелерге қосылып, талқыланып жатыр. Жинақтарымызды алған кітапханалар мен оқу орындарынан көптеген ризашылық, алғыс хаттар келіп жатыр. Мәселен, Техас университетінің әдеби клубынан хат алдық. Жинақтар келген бойда клубтарында оқылып, талқыланыпты. Ғылыми орталықтар бұл жинақтар арқылы біздің әдебиетті ғана емес, қоғамды, қоғамдық ойды, мәдениетімізді зерттейтіндерін айтып жатыр.

***– Соңғы уақытта жазушылар тарапынан өзге тілде аударылған кітаптарының көркемдік сапасы сын көтермейтіндігі жайлы жиі естіп жүрміз. Тіл бейнелілігі былай тұрсын, тіпті қарапайым мазмұнын түсіну мүмкін емес дейді тіл білетіндер. Алты тілде «сөйлеген» антология жұмысында бұл жағы қаншалықты ескеріліп, еңсерілді?***

– Ондай алаңдаушылықтың бар екені рас. Сын көтермейтін аударма жасалып, шығып жатқаны өкінішті. Сондай аударма басылымдарды біз жасаған жұмыспен шатастырып, сұрақ қойып жатқан адамдар да бар. Басқа біреудің жасаған жұмысына пікір айта алмаймын. Ондай аударма жұмысын кім және қалай жасағаны маған белгісіз. Ал өзіміз жасаған аударманың жай-жапсарын жоғарыда айттым. БҰҰ-ның 6 тілінде жұмыс істейтін ең беделді деген баспаларды жұмысқа қосқандағы басты мақсатымыз – аударма сапасын қамтамасыз ету болатын. Қазіргі жағдайда жасалуы мүмкін ең жоғары аударма сапасына жете алдық деп ойлаймын.

***– Алға қойылған меже еңсеріліп, яғни тізімге енген 100 кітап толық аударылып біткен соң, болашақта айтулы жоба әрі қарай жалғасын табуы мүмкін бе?***

– Меніңше, ана тіліміз бен өз тіліміздегі білім мен ғылымды дамытамыз десек, аударма жұмысы тоқтамауы тиіс. Тек оқулық пен танымдық кітаптар ғана емес, көркем әдебиет те, кино мен телехикаялар, анимация, веб ресурстар мен видео ойындар, жалпы сұранысқа ие мазмұнның барлығы аударылуы қажет. Сондықтан бұл жоба жалғаса береді. Мемлекет мұндай ауқымда қолдай алмаса да, амалын тауып жалғастыруға тырысамыз.

***– Ұлттық аударма бюросының келер жылға қандай жоспарлары бар?***

– Келер жылдың жоспары да ауқымды. 2019-2020 оқу жылының аяғына дейін тағы 30 оқулық шығарамыз. Жылдың аяғына дейін тағы 23 кітап аударылып, 100 оқулықтың тізімі толады. Одан басқа, келесі жылы Оксфорд баспасымен бірге дайындап жатқан «Oxford Kazakh Dictionary» деген атпен үлкен қазақ-ағылшын және ағылшын-қазақ сөздігі шығады. Бұл аударма сөздігі өте ауқымды, көлемі мың беттен асады, үлкен әрі аса маңызды жұмыс болғандықтан, оны асықпай дайындап, келесі жылы шығаруды ұйғардық.

«Қазақстанның ашық университеті» платформасында 2020 жылы толық іске қоспақ жоспарымыз бар. Осыдан бірнеше жыл бұрын біз Google-аудармашы жүйесіне қазақ тілін қостық. Енді Google компаниясымен бірлесіп, қазақ тіліндегі сөзді тыңдап, оны түсініп, өзі мәтінге айналдыратын және кез-келген басқа тілге аудара алатын жүйені дамытып жатырмыз. Бұйыртса, келесі жылы сол жұмыстың да нәтижесі шығады деп үміттенемін. Бұл ана тіліміздің әлеуетін едәуір көтерер еді. Осы жүйенің болмауынан біз қазір көптеген технологиялық мүмкіндіктерден құр қалып жатырмыз. Бұл – өте көлемді әрі күрделі жұмыс.

***– Әңгімеңізге рахмет.***

**«Egemen Qazaqstan»**





ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

*Жалғасы. Басы газеттің 2020 жылғы №1 (8165), 4 (8168) сандарында.*

# ҚАҺАРМАНДАР



***Федор Яковлевич ИВАНИШКО***
***(1910 – 1957)***

Федор Яковлевич Иванишко 1910 жылы туған. 1944 жылдан Кеңес Одағы Коммунистік партиясының мүшесі. 1931-1932 жылдары Қызыл Армияның жедел қызметінде болады. Кейін Қаз КСР-і Қарағанды облысына жұмыс бабымен көшіп келіп, өндіріс және шахталарда әртүрлі жұмыстар атқарады. Қызыл Армия қатарына екінші рет 1942 жылы ақпанда Қарағанды облысы Қарсақбай аудандық әскери комиссариатынан шақырылады.

Федор Яковлевич Отан үшін болған соғыста ол өзін шебер ержүрек пулеметші ретінде көрсете білді. Екі рет жараланады. 1943 жылы 31 желтоқсанда үшінші дәрежелі Даңқ орденімен, одан кейін біраз уақыт өткен соң бірінші дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды.

Гвардиялық 67-атқыштар дивизиясының жеке гвардиялық атқыштар батальоны пулемет расчетының командирі гвардия старшины Федор Иванишко, әсіресе 1944 жылы жазда Белоруссия жерінде болған ұрыстарда ерекше көзге түсті. Кеңес Одағының Батыры атағы берілген жолғы оның көрсеткен ерлігі марапат парағына қысқа да нақты баяндалған.

Қорғаныс шебінде тұрып ол өзінің барлық өнері мен білімін қатардағы жауынгерлерді фашист басқыншыларына қарсы шешуші шайқаста әзірлеу ісіне жұмсады. Иванишко қарауындағыларды жедел де ыждаһатты оқытып, жауға деген өшпенділігін, ұрыстарда қайсарлық көрсетуге деген ұмтылысын тудыра білді. Ақыры 1944 жылы 24 маусымда Витевскінің солтүстік-батысындағы жау шебін бұзуға бұйрық алды.

Иванишконың расчеты ротада алдыңғылардың бірі болып жаудың қарсыласу торап-тары мен жасаған кедергілерінен өте отырып, өзінің пулеметімен оқты қарша боратып, шабуылға шыққан біздің жаяу әскерге жол ашты. Оның расчеты ауыр ұрыста бір күнде 30 километр жол жүріп, гитлершілерден елді мекендердегі пункттерді бірінен соң бірін босатты. Федор Яковлевичтің жеке инициативасымен расчет жігіттері қолға түскен ағаш-тақтайлардан сал жасап, жауып тұрған жау оғына қарамастан, Узречья ауданы тұсынан Батыс Двина өзенінің сол жағалауына өтті. Ф.Я.Иванишко гранат лақтырып, пулеметтен атып, жаудың ату нүктесін тұншықтырып, бекініс жасады. Сөйтіп, бүкіл батальонның өзеннен өтуіне жағдай жасады. Жау Батыс Двинаның сол жағалауын ұстап қалуға тырысып, өршелене қайта-қайта шабуылға шықты. Осы кескілескен ұрыста Иванишконың бір өзі жаудың 5 солдаты мен бір офицерін жойып жіберді.

Батырдың расчеты 1944 жылғы 24 маусымнан 3 шілде аралығында жаудың 50 солдаты мен офицерін өлтіріп, екі гитлершілді тұтқынға алды. Сондай-ақ, жаудың пулеметі мен 15 мылтығын қолға түсірді. Ф.Я.Иванишко өзінің ерлігімен батальон алдына қойылған жауынгерлік міндетті орындауға жағдай жасайды.

Міне, осы ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін Федор Яковлевич Иванишкоға КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының 1945 жылғы 24 наурыздағы Жарлығы бойынша Кеңес Одағының Батыры деген атақ берілді.

Ф.Я.Иванишко 1957 жылы 9 желтоқсанда 47 жасында өмірден өтті. Новосибирскіде жерленген.



***Аркадий Иванович ЗЕНКОВСКИЙ***
***(1920-1945)***

Аркадий Иванович Зенковский 1920 жылы Ресейдің Тюмень облысының Аромашевск ауданындағы Большой Кучеряк селосында шаруа отбасында туды. 1944 жылдан Кеңес Одағы Коммунистік партиясының мүшесі.

Аркадий Зенковский жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін трактор бригадасының есепшісі, одан соң жергілікті колхозда бухгалтер болып істеді.

Ұлы Отан соғысы басталғанда А.И.Зенковский Жезқазған облысындағы Қарсақбай поселкісінде тұрып, осы жерден 1943 жылы 13 ақпанда майданға аттанды.

Қатардағы жауынгер Зенковский 1943 жылдың Бірінші май мерекесін Воронеж майданында қарсы алды. Курск доғасында болған жазғы сұрапыл ұрыстарда оның есімі 6-шы гвардия атқыштар дивизиясы 10-шы гвардия атқыштар полкының тандаулы пулеметшілерінің қатарында аталды. Днепрден өтуде А.Зенковский ерекше көзге түсіп, командование оны майдандық курсқа жібереді.

Оқуда болған күндер тез өтіп, кіші лейтенант Аркадий Зенковский өзінің бұрынғы полкіне оралады, Ровно қаласы үшін болған ұрыста атқыштар взводын басқарады.

1944 жылы 16 июльде Львов облысы Стояновск ауданының Виткув-Стары деревнясындағы жау позициясына батыл шабуыл жасаған кезде саптан шығып қалған рота командирінің міндетін кіші лейтенант А.Зенковский өзіне алады. Жаңа командир бастаған бөлімше Виткув-Стары деревнясына бірінші болып кіріп, елді мекенді азат етті.

Бірнеше күннен кейін 10-гвардиялық атқыштар полкының Аркадий Зенковский командир болған 5-ші рота Польша өзені Вислаға келді. 5-ші ротаның жауынгерлері алғашқылардың бірі болып Висла өзенінен өтіп, бекініс жасайды. Фашистер гвардейцтерді суға итеріп тастағысы келгенмен одан ештеңе шықпады. Гвардияшылар үш бірдей шабуылды тойтарды да жаудың 40-тан астам солдаттары мен офицерлерін қырып, өз позициясын ұстап қалады.

Бұл ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін Аркадий Зенковский «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Сол кезде ол партия мүшелігіне өтті. Бірінші Украина майданының жауынгерлері 1945 жылғы 12 қаңтарда Сандомир плацдармынан шабуыл бастағанда Зенковскийдің ротасы жаудың бекінісін бірінші болып бұзып, өкшелете қуып, жолда кездескен жау қарсылығын күл-талқан етті.

А.Зенковскийдің ротасы 1945 жылғы 12-26 ақпан аралығында жаудың 200 солдаты мен офицерін жойды.

1945 жылғы қаңтарда Зенковский өзінің ротасымен Одер өзенінен бірінші болып өтіп, үш күн қатарымен жаудың шабуылдарына тойтарыс берді. 1945 жылғы 27 қаңтардан 28 қаңтарға қараған түнде жау ойламаған жерде танкілерді қолдана отырып, ротаға шабуыл жасады. Фашистер Одер өзенінің сол жағалауындағы біздің плацдармды жойып жіберу үшін барлық күшін салып бақты. Зенковский ротаға ақылмен команда беріп күші басым жаудың барлық атакасын тойтарды.

1945 жылы 31 қаңтарда жаудың жаяу әскері мен танкілерінің қайта шабуылына тойтарыс беру кезінде Аркадий Иванович Зенковский ерлікпен қаза тапты.

Бұл ұрыстарда ерлік пен батырлық көрсеткені үшін Суворов орденді Қызыл тулы 6-шы Ровен гвардия атқыштар дивизиясы Богдан Хмельницкий орденді 10-шы гвардия атқыштар полкының 5-ші ротасының командирі кіші лейтенант Аркадий Зенковскийге КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 10 сәуірдегі Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді.



***Даңқ орденінің толық кавалері***
***Жақсынбек Тілеуұлы ҮНШІБАЕВ***
***(1922-1994)***

Жақсынбек Тілеуұлы Үншібаев 1922 жылы Ұлытау ауданында дүниеге келген. 1941 жылдың желтоқсанында әскер қатарына шақырылды. Ол неміс басқыншыларына қарсы соғыста Воронеж, Степной, 2-ші және 3-ші Украина майдандарында болды. Үш рет жараланды. Кеңес Одағы Коммунистік партиясының мүшелігіне майданда қабылданды.

1943 жылы 18 желтоқсанда Кривой Рог қаласы маңындағы 147,2-биіктік үшін қиян-кескі арпалыс болды. Гвардияшы аға сержант Үншібаев атуға қажетті мәліметтерді тез жинап, атыс позициясын өзгерту жөнінде команданы мезгілінде беріп, көзге ілінген нысанды құртып отырды. Бұл күні Үншібаевтың расчеты миномет-пен дәл атып, жүк артқан екі автомашинаны қиратып, жаудың екі взводқа жақын жаяу әскерлерін тас-талқан етті.

Немістер біздің полктардың әрі қарай жылжуын бөгемек болып 27 ақпанда өршелене қарсы шабуыл жасады. Олардың жаяу әскерін танктер мен өздігінен жүретін зеңбіректер сүйемелдеді. Гитлершілер екі атқыштар батальонының қосылар жерінен біздің қорғанысымызға жақындауға мүмкіндік алды. Жау автоматшылары минометшылардың позициясына жақындап келіп қалды. Өз жолдастарынан бөлініп қалу қаупі төніп тұрса да біздің расчет шабуылдаушыларға оқ жаудыруды тоқтатпады. Ерлік пен табандылықпен жеңіп шықты. Гвардияшы старшина Үншібаевтың омырауына екінші дәрежелі Даңқ ордені тағылды. Осы ұрыста ол жараланды.

1944 жылы күзде госпитальдан шыққан соң Ж.Т.Үншібаев барлаушылар взводы командирінің көмекшілігіне тағайындалып, талай рет батыл барлаулар жасады.

1945 жылы 17 ақпанда жау екі сағаттық артиллериялық әзірлік жасағаннан кейін 150 танк пен өздігінен жүретін зеңбіректер сүйемелденген екі дивизияға жуық жаяу әскерлермен Будапештің солтүстік-батысынан шабуылға шықты. Үншібаев бастаған бір топ барлаушылар Грон өзенінен өтетін жерді жауып тұрған Кеменди хуторына аттанды. Гвардияшылар алғы шепке жетісімен-ақ жаудың 30-ға жуық танкісі мен екі батальон жаяу әскері оларға қарсы жүрді. Күш тең емес еді. Жақсынбек жауды жақындатып алып бұлтартпай ұруға бұйрық берді.

Жау екі жүз-үш жүз метрдей қалғанда барлаушылар оларға пулеметтен оқ жаудырды. Гитлершілер алдымен жата қалды, содан соң кейін жылжи бастады. Бұл кезде қираған үйлерді тасалап тұрған гвардиялық танкистер жаудың танктерін атқылады. Гвардияшы старшина Үншібаев бастаған взвод жаудың 200-ге жуық солдаты мен офицерін құртып, 17 гитлершіні қолға түсірді.

Бұл жаңа ерлігі үшін Жақсынбек Үншібаев КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1946 жылғы 15 мамырдағы Жарлығымен бірінші дәрежелі Даңқ орденімен наградталды.

Соғыстан оралған соң Даңқ орденінің толық кавалері Жақсынбек Тілеуұлы Үншібаев Ленин орденді Қ.И.Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатында азаматтық қорғаудың аға инженері болып қызмет атқарды. Жақсынбек Үншібаев Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер, соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы болды. Сәтбаев қаласының құрметті азаматы.

**Мәліметтер Жезқазған қаласы архивінің 322-қор 1-тізімдеме 2, 3, 13-сақтау бірліктері құжаттарынан алынды**

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

# ТЕАТРДЫҢ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРІ СӨЗ БОЛДЫ

**Өңірдегі жалғыз театрдың болашағына алаңдаулы қалалық қоғамдық кеңестің төрағасы Сағындық Қожамсейітов бастаған жұмыс тобы Серке Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры ұжымымен кездесті. Өнер ордасының тұрмыс-тіршілігімен танысып, ондағы қызметкерлердің мұң-мұқтажын шешудің жолдарын қарастырды.**




– «Театр көбейсе, түрме азаяды» деген Шерхан Мұртазаның сөзінде шындық бар. Неге десеңіздер, театр қашаннан бері рухани тәлім-тәрбиенің, тағлымның ордасы саналады. Киелі өнердің ордасына келген әрбір адам жан дүниесіне тыныштық бермеген сұрақтарға нақты жауап алып, мәдениеттілікке үйренеді. Ақ пен қара арпалысып жатқан өмірдің ақиқатын терең ұғынып, жақсы мен жаманның ара жігін ажырата алады. Сахнадағы әртістерден керегін алады да, көңіл сүзгісінен саралап өткізіп, керексізін кері ысырады. Сол себепті біз тұрғындарды, оның ішінде жастарды театрға тартып, қызықтыруымыз керек, – деп сөзін жалғаған Сағындық Үсенұлы Серке есімін иеленген театр Жезқазғанның «визиткасы» екеніне екпін түсіріп, жас толқын оның беделін түсіріп алмаса деген тілегін жеткізді.

Ал, кеңес мүшесі Қадыр Үңгітбаев өзінің жастық шағына оралып, сол жылдары мектеп пен әр оқу орнының жанында көркем өнерпаздар бөлімі қызу жұмыс істеп, өскелең ұрпақтың қалыптасуына, өнерге ғашық болуына үлес қосатынын тілге тиек етті. Және қаланың білім беру нысандарымен осы бағыттағы жұмысты жандандыруды ұсынды. Осы ретте ертеректе Қабден Шыңғысов атындағы №5 орта мектепке жетекшілік еткен қоғамдық кеңес мүшесі Бақыт Битенова:

– Әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деген ойы еріксіз ойға оралып тұрғаны. Білім алдыңғы орынға шығып, тәрбие кейіндеу қалып қоятын болса, мұның соңы орны толмас өкінішке әкеліп соғады. Өйткені, тәрбиесіз берілген білім баланың толыққанды тұлға болып қалыптасуына жеткіліксіз. Мектепте берілген білім санаға сіңіп, ойда қалары сөзсіз. Дегенмен, тәрбие күші мықты. Ол кез келген адамның күллі жан-дүниесіне, сана сезіміне, танымына әсер етеді, тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады. Сондықтан, балабақшалар да, мектептер мен жоғары оқу орындары да тәрбиеге жете көңіл бөлсе деймін. Ол үшін ел болашағын ойлаған әрбір білім ордасы театрмен тығыз қарым-қатынас орнатуы керек. Директорлық қызметте болғанда ұжыммен, шәкірттерімізді ертіп, премьераларды қалдырмаушы едік. Күні бүгінге дейін бұл дәстүр сақталғанын естіп, көргенде көңіліме қуаныш орнайды, – деді.

Театрдағылардың айтуынша, бүгінде қаладағы №5, 10 мектептермен әріптестік орнатылғанымен, өзге білім беру нысандары есіктен де сығалатпайды да екен. Сахналануға дайындалып жатқан премьераны насихаттап, шығармашылық ұжымды таныстыруды мақсат еткен келіссөздер нәтижесіз аяқталып жататынын жеткізген ұжым өнер иелеріне қолдау, қолпаштаудың да жоғын жасырмады.

– Біздің ұжым еліміздің қай театрымен болса да үзеңгі қағыстырып, қатар келе жатқанын жасырын емес. Біздің қыз-жігіттердің жігері жалынды, қарқыны қуатты. Олардың сағын сындыратыны еңбектің лайықты бағаланбайтыны дер едім. Көрерменге жаңа образды жеткіземін деген актердің күлкісіз өткізген күндері мен ұйқысыз түндерінің өтеуі – бір ғана жылы сөз. Өкінішке, орай спектакльді ойнап шыққан актерлер көп жағдайда елеусіз қалып жатады, – деген Қазақстанның Халық әртісі, Еңбек сіңірген қайраткері Досжан Жанботаев бірқатар мәселелердің басын ашты. Оның алғашқысы жетпіс жылдық тарихы бар ғимараттың қасбетін жөндеуге қатысты. Ұлттық нақыштағы эскизі дайындалғанмен, жөндеу жұмыстарына қаржы тапшылығы қолбайлау көрінеді. Театр облыстық мәдениет басқарасынан қаржыландырылатындықтан, жергілікті билік те қауқарсыз.

Қала көшелеріне арнайы жарнамалық стендер орнату, 1988 жылдан бері жаңартылмаған дыбыс аппаратурасы мен сахнаны жарықтандыру қондырғыларының заманауи түрлерін сатып алу да қаржыға келіп тіреледі. Синхронды аударма фукнциясы бар құлаққаптардың да саны шектеулі. Сондықтан, Ж.Хаджиев атындағы халықаралық театр фестивалі кезінде миллиондаған теңгені құлаққапты жалға алуға жұмсауға мәжбүр. Аталмыш мәселелерді шешуді сұраған хаттар облысқа бума-бума жолданғанмен тұщымды жауап келмепті. Жас мамандарды пәтер мәселесі де қинап тұр. Бүгінде арысы Талаптан, берісі Сәтбаевтан қатынайтын 4 актерге баспана берілмесе де, «қызметтік пәтерлер болса» деп армандайды. Биыл үшінші мәрте ұйымдастырылған Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты Ж.Хаджиев атындағы халықаралық театр фестивалі кезінде жергілікті билік өкілдерінің төбе көрсетпей,тасада қалғаны да өнер ұжымын көңіліне кірбің түсірсе керек.

Шерін тарқатып, мұң-мұқтажын айтқан ұжымның орынды ұсыныстары да бар. Олар жергілікті БАҚ-та жарнама мен хабарландырулар беруге мемлекеттік тапсырыс қарастырылып, жергілікті билік өкілдері қуыршақ труппасының 35 жылдығы мен жыл сайын 27 наурыз Халықаралық театр күні аясында өтетін театрішілік фестивальге атсалысса дейтін ұжым кеншілер қаласында спектакль қоюды ұйымдастыруда қалалық әкімдіктен жәрдем күтеді.

Тұрақты көрермен ретінде өз пікірін білдіруге арнайы шақыртылған қала тұрғыны Рамазан Құрманбаев:

– Мен қай қалаға, қай елге барсам да, саяхатымды театрдан бастаймын. Өйткені, бізді бала күннен, мектеп жасынан театрға баруға баулыды. Одан жамандық көрмедік. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматты театр тәрбиелейді. Талай жердің, талай елдің театрын көргенде түйгенім, біздің Серке атындағы театрдың тұғыры биік, жұлдызы жарық. «Жүйрікке қамшы емес, қиқу керек» демей ме?! Жезқазғандық актерлерге сол қиқу жетпей тұр, – дегені сол-ақ еді ұжым шуласа қолдап, халық пен биліктің ықыласына шөліркегенін алға тартты.

2019 жылы барлығы 185 спектакль, оның ішінде 5 премьера қойған Серке Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театр биыл Иран Ғайыптың «Мен ішпеген у бар ма?», Ш.Айтматовтың «Мәңгүрт» спектаклі мен «Етік киген мысық», «Тікенек тоң», «Қар гүлі» ертегілерінің сахналауды жоспарлап отыр.

Көтерілген мәселелердің оң шешімін табуға атсалысуға кірісетінін жеткізген қоғамдық кеңес мүшелері театр ұжымын ұлттық болмысымызды нығайтып, төл мәдениетімізді жаңғыртатын спектакльдерді сахналауға ден қоюға шақырды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

**«Қарыз күліп кетіп, жылап қайтады» дейді халқымыз. Ия, расында да жаны бар сөз. Күнделікті күйбең тіршілікте адамдар арасында алыс-беріс болмай қойматыны сөзсіз. Міне, осындай жағдайда біреу сізден немесе сіз біреуден қарыз алған күндер болған шығар. Ал, біреуге қарыз беріп, ол оны оңайлықпен қайтармай, керісінше, сіз сұрауға ұялып, ақыр соңында ырду-дырду, сергелдең-сарсаңға түскен жаяғдаяттар ше?!**

# ҚАРЫЗДЫ ҚАЙТАРУ – ПАРЫЗ



Әлемге белгілі ауқатты адамдардың көбі: «Байығыңыз келсе – ешкімге, тіпті ағайын-туыс пен көршілеріңізге ешқашан қарыз беруші болмаңыз», – деп кеңес береді. Ал психолог мамандар: «Сіз біреуге қолхатсыз қарыз берер алдында ол қарыздың қайтпай қалатынына да іштей дайын болуыңыз керек», – дейді. Бүгінде біздің елде қарызды қолхатсыз беріп, соттың табалдырығын тоздырып жүргендер көп. Қолымен бергенін аяқпен қайтарып алатын жағдай туралы Жезқазған қалалық сотының жетекші маманы Алсу Мизамбаева:

– Қарызын қайтара алмай жүрген адамдар өте көп. Бірақ, қазіргі таңда бұл істі көбіне сот қарастыра бермейді. Бұған арызданушы тараптың қарызға ақшаны құжат рәсімдемей беруі себеп. Демек, құжатсыз рәсімделген қарызды дәлелдеп шығу да оңайлыққа соқпайды. Бірақ, сотта сіздің қолыңызда қарыз алушымен аталмыш мәселе тұрғысында сөйлескен жазбалардың скриншоты болса – қарызды қайтарып алуыңыз мүмкін. Бір ескере кетерлігі – қазір сотта аудиожазбалар дәлел ретінде қарастырылмайды. Кез келген қызметтің операторлық желісіне қоңырау шалғанда сізге арнайы түрде аудиожазба жазылатын ескертеді ғой. Міне, бұл да сол сияқты. Аудиожазбаны жазбас бұрын сіз міндетті түрде диалогтың жазылып жатқандығын сізбен сөйлесіп тұрған тұлғаға да ескертуіңіз керек. Ал оны көп адам ескертпейді және жазылып жатқандығын білген қарызданушы тарап бұл жерде қарыз туралы сөз қозғамауға тырысады. Міне, сол себепті қазір аудиожазба есепке алынбайды. Негізі қандай жағдай болмасын нотариус арқылы негізгі құжаттарды рәсімдеген дұрыс, – деп кеңес береді.

Ия, қандай жағдай болса да заң тұрғысынан негізгі құжаттарды әзірлегенге не жетсін. Міне, сол кезде құда тыныш, құдағи да тыныш болар еді. Ал, асыл дініміз қарыз туралы не дейді? Дін саласының мамандары садақа бергеннен қарыз бергеннің сауабы көбірек, яғни, садақа берген адамға он сауап, қарыз берген адамға он сегіз сауап жазылады дейді. «Хадид» сүресінің 11-аятында «Кім өсімсіз және үстемесіз қарыз берсе, міне соған Алла сыйды есе-еселеп береді» делінген. Сондай-ақ, «Бақара» сүресінің 280-аятында: «Егер (сендерден қарыз алушының жағдайы) нашар болса, байығанша күтіңдер. Егер білсеңдер (берген қарыздарыңды) садақа етіп жіберулерің – өздеріңе одан да жақсырақ» дейді. Дініміз бойынша қарыздың өтелу мерзімінің екі түрі бар. Оның бірі өтелу мерзімі нақты белгіленген қарыз болса, екіншісі қайтару уақыты айтылмаған қарыз. Қарыздың бірінші түрін белгіленген күнде өтеу, ал екінші қарызды бір ай ішінде беру уәжіп саналады. Кез келген марқұмның жаназасын шығарып жатқанда имамның «Қарыздарын кештіңдер ме?» деп сұрағанын естіген боларсыз. Бұны сұрауы да бекер емес. Ислам діні бойынша, қиямет күні қарыз адамнан кек алады. Қарызы бар адамнан үш жағдайда ғана кек алынбайды. Олар: әлсіз, күшсіз кедей адамның жауға қарсы шығуға қарыз алуы, орауға кебін таппаған бишараның мәйіті үшін қарыздануы және бойдақтықтан қорқып, үйлену үшін қарыз алу. Міне сол себепті, өлген адамның артында қалған қарыздары болса, ұрпақтары оны өтеп тастағаны дұрыс.

Біз – «уәде – құдай сөзі» деп тәрбиелеген халықтың ұрпағымыз. Жанашырлық танытып қарыз бергеннің қарғысына қалмай, алмақтың да салмағы бар екенін ұмытпайық!

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

МЕРЕЙ

# БІЗДІҢ ДӘРІГЕР

## *Бейсен Көлбаев 70 жаста*



Қазіргі таңда отандық медицина саласына қатысты сын-ескертпелер жиі айтылатынын несіне жасырайық. Дей тұрғанмен, бұл жағдай адам жанының сақшысы саналатын алтын жүректі ақ халаттыларға көлеңкесін түсіре алмайды. Өйткені, бүгінде халық медицинаның мерейін асырып жүргендерді алыстан таниды. Танымаса да, олардың есімін жақсы біледі. Алдына барып көрмесек те, «осы дәрігердің арқасында аман қалдым» деп сыртынан алғыс арқалатқан науқастардың әңгімесінен-ақ Бейсен Тұрғанұлы Көлбаевты танып алғалы қашан?! Міне, сыртынан көп жақсы сөз естіген дәрігермен бетпе-бет жолығып, тілдесудің сәті түсті.

Жезқазған-Ұлытау аймағында саналы ғұмырын адам емдеу ісіне арнаған білікті дәрігердің қолының шипасын сезінбеген адам кемде-кем шығар. Отыз жылдан бері Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасының эндоскопия бөліміне жетекшілік ететін Бейсен Тұрғанұлы еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін қарайды.

– «Эндоскопия» сөзі латын тілінен аударғанда іштен көру деген мағынаны береді. Яғни, біздің бөлім адамның ішкі құрылысын зерттеуге, ондағы дерттерді анықтап, емдеуге міндетті. Эндоскопия бөлімінде видеогас-троскоп, бронхоскоп пен видеоколоноскоп сынды аппараттар бар. Олар асқазан, ішек жолдары, қолқа аурулары мен пневмония, онкологиялық ісіктерді анықтауға мүмкіндік береді, – деп әңгімесін әріден бастаған дәрігер заманмен бірге жаңарған зерттеу аппараттарын көрсетті.

– Қазіргінің жастарында арман бар ма, шіркін?! Бәрі цифрландырылған. Мына видеогастродуаноскопия арқылы науқастың асқазаны мен өңеш, ұлтабарында қандай өзгерістер болып жатқанын әп-сәтте біле аламыз. Қажет жағдайда «операциясыз» ем-дом көрсетеміз, – дегенде таң қалдық та, «қалайша» деп сұрадық.

– Бүгінгі таңда асқазан аурулары, оның ішінде асқазан жарасы үдеп тұр. Ересектерде ғана емес, балаларда да жиі кездесетін болды. Жараның беті ашылып, қан кеткен жағдайда біз асқазанды видео арқылы бақылап, қанды тоқтатамыз. Сонымен бірге, байқаусызда тиын, ойыншық жұтып, тамағында сүйек тұрып қалған науқастарға көмекке келеміз. Мұндай науқастар күнбе-күн, тіпті түнде де келіп түседі. Осы заманауи аппараттардың көмегімен хирург дәрігеріне жүгінбей-ақ, адамның ішіндегі бөгде затты «пышақсыз» алып шығамыз, – деген Бейсен аға еңбегінің зейнетін көрер шаққа жетсе-дағы сүйікті ісінен алыстаған емес. Себебі, ол басы ауырып, балтыры сыздағандардың жанынан табылып, дертіне дауа тапқанынан жан рахатын табады. Сондықтан, медицинаны өміріне балап, онсыз өзін елестете алмайтын Бейсен Тұрғанұлы зейнеткерлікте қол қусырып отырғаннан гөрі, оның қолдауы мен емдеуіне зәру жандармен бірге болуға бекінді. Бір бойында асыл азамат, білікті дәрігер мен шебер ұйымдастырушы қабілеттерін қатар ала жүрген оны ұжымы да жібергісі жоқ.

Бейсен ағаны ең басты еңбегінің бірі – қалалық орталық аурухананың іргетасын қалауға қатысқаны. Қара шаңырақ Қарсақбайда жұмысшы отбасында туған біздің кейіпкер болашақ мамандығын жастайынан таңдап қойған-ды. Мектеп бітірген 1967 жылы Қарағандының медициналық академиясын бетке алып, арманын өміршең етуге кіріседі. Емдеу ісі факультетін хирургия мамандығы бойынша тәмамдай салысымен, еңбек жолын 1973 жылы Жезқазғандағы №1 емханада хирург болып бастайды. Травмотология бөліміне де жетекшілік етеді. Облыстық көпсалалы аурухана ашылады деген тұста оны білікті хирург Әбдірахман Досановпен бірге жаңа ауруханаға ауыстырады. Осылайша, ғимарат құрылысының басы-қасында жүрген Бейсен Көлбаевқа 1990 жылы эндоскопия бөлімін ашу міндеті жүктеледі.

Медицина енді дамып келе жатқан сол жылдары дәрігерлерге өте қиын болғанын айтып жатудың өзі артық сияқты. Диагнозды анықтайтын түрлі заманауи құрылғылардың болмағанына қарамастан, олар небәрі екі-үш сағаттың ішінде аурудың белгілеріне қарап, диагноз қоюға міндетті-тін. Білімі мен жинақтаған мол тәжірибесінің арқасында Бейсен дәрігер бастаған ұжым күні бүгінге дейін өздеріне сеніп тапсырылған істе жаңылмай, абыроймен келе жатыр. Осы ретте, бөлімнің эндоскопист дәрігері Әбдіқадыр Сәрсенбай мен медбибілер Бибісара мен Меруерттің еңбегін елемей кету мүмкін емес. Талай жанның өміріне араша түсіп, ерлікпен пара-пар қызмет атқарып жүрген олар Бейсен ағаның тәлімін теріп, ізін басқанын мақтан тұтады.

Қашан да қарапайым қалыптан айнымай, адамгершілік бейнесін асқақ ұстайтын, ел арасында жақсы ісімен танылған Бейсен Тұрғанұлы бірнеше буын жас тәрбиелеп үлгерді. Бүгінде шәкірттерінің алды еліміздің түпкір-түпкірінде еңбек етуде. Біздің өңірде де батамен көгеріп жүрген Қажымұқан Әбілов, Шоқан Ахметов, Төлеу Тілегенов, Ғалымжан Дәрімбеков Бейсен ағаның мектебінен түлеген. Олар ұстазынан үлгі-өнеге алып қана қоймай, оның ісіне адалдық, уәдеге беріктік, еңбекқорлық пен ізденімпаздық сияқты ізгі қасиеттерін бойына сіңіргені қуантады.

Әңгіме барысында жас ұрпақтың денсаулығына алаңдаулы дәрігер айтпай келетін аурудан сақтанудың жолдарын да нұсқауға ұмытпады.

– Дана халқымыз ауру астан келетінін ескерткенімен көбісі бұны қаперге ала бермейді. Қазір бесіктен белі шықпаған баланың ішетіні – «кола», жейтіні – «чипсы». Одан бөлек тез дайындалатын пицца, донер дегендер бар. Олардың енді ғана қалыптасып жатқан ағзаға тигізіп жатқан кері әсерін айтуын айтып жатырмыз. Алайда, жағдай ушықпаса, оңалған жоқ, – деп болашақтың қамын ойлап біраз үнсіз қалған Бейсен аға бауыр еті баласының денсаулығын ойлаған ата-аналар дұрыс тамақтануға, оның ішінде құнарлы әрі шипалы ұлттық тағамдарға басымдық берсе дейді.

Ұзақ та ұлағатты еңбек жолымен даралanған Бейсен Тұрғанұлы 16 ақпанда мерейлі 70 жасын сүйікті отбасы мен туыстай болған риза емделушілерінің ортасында қарсы алмақ. Денсаулық сақтау саласының үздігі, жоғары санатты дәрігер атанып, кеудесінде «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», «Тәуелсіздікке 25 жыл», «Шапағат» медальдері жарқырап, көп Құрмет грамоталарын иеленген Бейсен аға үшін ризашылықтан асқан орден де, марапат та жоқ.

Бейсен Тұрғанұлы құдай қосқан қосағы Айгүл Көлбаева екеуі ұл-қыз тәрбиелеп, немере сүйіп, үлкен әулетке айналды. Балаларының бәрі бірдей – жоғары білімді мамандар. Нұрлан мен Айнұр – инженер, Ерлан халыққа қызмет көрсету орталығында басшылық қызметте. Ал, Гүлнұры әке жолын жалғап, дәрігер атанған. Ұрпағының тәрбиесімен тасада қалдырмай, денсаулығын нығайтуды күн тәртібінен түсірмейтін ата-әженің қолында Балым, Ғалым, Арын есімді немерелері бар.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

# ЖАҢА ӘЛІПБИ – ЖАҢА БЕЛЕС

**Ұлттық білім беру парадигмасы, оның басты ұстанымдары жоғары білімді маманға ерекше міндет артып отырғаны белгілі. Өйткені, елімізде бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына жеткізетін, соған мүмкіндік жасайтын, ең алдымен, білімді де білікті маман екені даусыз. Демек, еліміздің экономикасын дамытатын, мәдениетін көтеретін XXI ғасырдың маманы қандай болу керек дегенде, ең алдымен, өз халқының баға жетпес байлығы, төлқұжаты ана тілін жетік білетін, оның сан алуан қырларына бойлай алатын тілдік тұлға болуы міндетті.**

Тіл тарихын білмей, тілді дамыту мүмкін емес. Өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ғалым Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы шыққан «Қазақ» газетінің алғашқы санында: «...Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жойылмайтындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халқымыз оңды емес. Осы күні орыс мектебі мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса, өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті», – деп жазады.

Тіл – халықтың ділі, жан дүниесі. Тіл – ұлттың дінін, мәдениетін, болмысы мен руханиятын тасымалдаушы құрал. Тіл ұлт күретамырындағы тіршілік көзі – қаніспетті. Оның өн бойында халықтың ділі мен діні, салты мен санасы бұрқырап тасып жатады. Біз Ахмет Байтұрсынұлы құрған әліпбиге мұқият зер салып қарайтын болсақ, онда қазіргі халқымыздың тіреліп отырған тіл мәселесінің шешімін оның XX ғасырдың басында-ақ шешіп кеткеніне ғылыми түрде толық көзіміз жетеді.

Қазақ тілі – біздің рухани құндылығымыз, өркендеу жолымыз. Осы жолда тілдің халықаралық мәртебесін көтеру – еліміздің әлемдік өркениетке жетуінің басты кепілі. Ал, жаңа әліпби – бүкіл әлем қазақтарын біріктіретін өте маңызды фактор. Біздің ұлттық сана-сезім, рухани дамуымыздың даңғыл жолы қазақ тілінің жаңа әліпбиінен басталатынына еш күмән жоқ. Өйткені, дүйім жұрт жаңа әліпби арқылы әлемдік өзгерістер көшіне еркін араласа алады, өрлеу мен дамудың жаңа сатысына көтеріледі. Қазақстанды өркениет көшінің алдына бастайтын жаңа бастамалар қашанда көпшіліктің қолдауына ие екендігі анық.

**Мереке ФАЗЫЛОВА,**
**Жезқазған технология және сервис колледжінің әдіскері**

# БЖЗҚ ЭЛЕКТРОНДЫ ҮЛГІДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҮЛЕСІ

## *80 пайызға жетті*

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры электронды үлгіде көрсететін қызметтерді белсенді түрде енгізуде. Өткен жылы бұл бағытта жақсы көрсеткіштерге қол жеткізілді. Мысалы, салымшылар мен алушыларға көрсетілетін қызметтердің 80 пайыздан астамы, яғни 13,6 миллионнан астам қызмет цифрлық технологиялардың көмегімен орындалды. Бұл 2018 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 36 пайызға жоғары. Электрондық қызметтердің бірқатары жаңартылып, жетілдірілді. Солардың бірі – Қордың мобильді қосымшасы.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

DIGITAL KAZAKHSTAN

Қордың қазақ және орыс тілінде жұмыс істейтін мобильді қосымшасы арқылы жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алуға, сондай-ақ, зейнетақы активтері бойынша ағымдағы көрсеткіштерді, шарттардың деректемелерін, жаңалықтарды, Қор филиалдарының байланыс нөмірлері мен мекенжайларын көруге болады. Енді осы қызметтердің қатары жаңа мүмкіндіктермен толықты. Олар: болжамды зейнетақы калькуляторы, онлайн-бот және халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына өтініш жасауға мүмкіндік беретін қызметтер. Бұл ретте зейнетақы калькуляторы арқылы болашақ зейнетақыны есептеуге мүмкіндік берілсе, онлайн-бот арқылы жиі қойылатын сұрақтарға жауап алуға болады. Бұдан басқа Push-хабарлама қызметі енгізілді. Оны пайдалану үшін ұялы қосымшаны ашып, «Баптау» бөліміне кірген соң, (push-хабарламаны қосу/өшіру) осы қызметті іске қоссаңыз болды. Сонда зейнетақы шотыңызға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары келіп түскендігін экранда пайда болатын қысқаша хабарлама арқылы дер кезінде біліп отырасыз.

Танымал мессенджерлерге орнатылған сервистер де салымшылардың сұранысына ие болуда. Мысалы, Telegram мессенджері қажетті ақпараттарды алуға, қысқаша үзінді көшірмені электрондық поштаға жіберуге, Жеке кабинеттің паролін қалпына келтіруге, Қор жаңалықтарымен танысуға және оның бөлімшелерінің мекенжайын білуге мүмкіндік береді.




Бүгінде БЖЗҚ өзінің ресми сайты мен мобильді қосымшасы арқылы мынадай электрондық қызметтерді көрсетеді:

1) ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу;

2) жеке деректемелерге, оның ішінде хабарлау тәсіліне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

3) жеке зейнетақы шотынан (ЖЗШ) үзінді көшірмені қарау;

4) ЖЗШ-дан үзінді көшірмені электрондық мекенжайға жіберу;

5) ЖЗШ бар болуы туралы анықтама алу;

6)ЖЗШ ашу туралы өтінішті/зейнетақымен қамсыздандыру туралы жаңа редакциядағы шартты («телнұсқа») алу;

7) I немесе II топтағы мүгедектік мерзімсіз болып белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін рәсімдеу туралы өтініш беру;

8) төлемдер және (немесе) қоныс аудару жөніндегі өтініштердің мәртебесін, яғни орындалу барысын қадағалау.

Айта кету керек, салымшылардың сұранысы бойынша ең жиі көрсетілетін қызмет: жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме беру. 2019 жылы үзінді көшірме электрондық үлгіде 13,5 миллион рет сұралған. Одан басқа, цифрлық технологиялардың көмегімен жеке деректемелерді өзгертуге 62,3 мыңнан астам өтініш және жеке зейнетақы шотын ашуға 5 мың өтініш қабылданып, хабарлау тәсілін белгілеу/өзгерту бойынша 31,5 мыңнан астам келісім рәсімделген. Басқа электрондық үлгідегі қызметтер бойынша да өсім байқалады.

Осылайша БЖЗҚ әрбір салымшыға қолжетімді жоғары технологиялық ұйым ретінде халыққа өз қызметін үздіксіз ұсынуда.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы**

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

*№05/06* *2020 жылғы 11 ақпан*

## ЖЕР ТЕЛІМІН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҰҚТАЖЫ ҮШІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстар Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару» Заңына, Қазақстар Республикасының 2011 жылдың 1 наурызындағы «Мемлекеттік меншік туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы бірінші Президентінің тапсырмасын орындауда 2018 жылдың 05 наурызындағы «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы бойынша «Сарыарқа» магистральды газ құбырының құрылысымен Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау - Нұр-Сұлтан бағыттарының жобасын іске асыру тапсырмасын орындауда және 2020 жылдың 10 қаңтарындағы №103-06/012 «Гормонтажпроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтініші негізінде Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесі жер пайдаланушылардың:

– «Өсімтал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін Жезқазған қаласы, Талап селолық округі, Талап селосы мекенжайында орналасқан жалпы аудандары 5,9497 га және 0,0068 га, кадастрлық нөмірлері 09-106-051-396 және 09-106-051-397, ұзақ мерзімге уақытша жер пайдалану құқығымен берілген жер телімдері;

– «BULL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін Жезқазған қаласы, Талап селолық округі, Талап селосы мекенжайында орналасқан жалпы ауданы 0,0380 га, кадастрлық нөмірі 09-106-051-398, ұзақ мерзімге уақытша жер пайдалану құқығымен берілген жер телімі;

– Камшат Сапарбековна Омароваға, Асқар Мырзалыұлы Жолдасбекке, Ляззат Мырзалықызы Жолдасбековаға шаруа қожалығын жүргізу үшін Жезқазған қаласы, Талап селолық округі, Талап селосы мекенжайында орналасқан жалпы ауданы 0,7466 га, кадастрлық нөмірі 09-106-051-344, қысқа мерзімге уақытша жер пайдалану құқығы берілген жер телімі;

– Айткалий Абжанович Джанкошкаровқа, Роза Алпысбековна Жаукебаеваға, Руслан Айтқалиұлы Әбжанға шаруа қожалығын жүргізу үшін Жезқазған қаласы, Талап селолық округі, Талап селосы мекен-жайында орналасқан жалпы ауданы 0,0267 га, кадастрлық нөмірі 09-106-051-102, ұзақ мерзімге уақытша жер пайдалану құқығымен берілген жер телімі;

– Нұржан Рахимжанович Итемгеновқа, Мурат Сутенович Казамбаевқа, Азамат Ерболович Бирмановқа шаруа қожалығын жүргізу үшін Жезқазған қаласы, Талап селолық округі, Талап селосы мекенжайында орналасқан жалпы ауданы 0,0049 га, кадастрлық нөмірі 09-106-051-077, ұзақ мерзімге уақытша жер пайдалану құқығы берілген жер телімінен мемлекеттің мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Жер телімдерден мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2020 жылдың 14 мамыры болып белгіленсін.

3. Жер пайдаланушыларға келісімді шараларды іске асыру орны: Жезқазған қаласының әкімшілік ғимаратындағы «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ.

4. Осы қаулы Жезқазған қаласы әкімінің аппаратында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және әділет органдарында алты ай мерзімде мемлекеттік тіркеуден өтуі қажет.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

**Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ**

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА ГОРОДА ЖЕЗКАЗГАН

*№05/06* *11 февраль 2020 года*

## О НАЧАЛЕ ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ОТЧУЖДЕНИЯ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА В СВЯЗИ С ИЗЪЯТИЕМ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА ДЛЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ НУЖД

В соответствии с Земельным кодексом Республики Казахстан от 20 июня 2003 года, Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Закон Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», во исполнения поручения первого Президента Республики Казахстан «Пять социальных инициатив Президента» от 05 марта 2018 года по реалзации проекта «Строительство магистрального газопровода «Сарыарка» по маршруту Кызылорда – Жезказган – Караганда – Темиртау - Нур-Султан» и на основании заявления товарищества с ограниченной ответственностью «Гормонтажпроект» № 103-06/012 от 10 января 2020 года, акимат города Жезказган **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное изъятие земельных участков для государственных нужд у следующих землепользователей:

– товарищества с ограниченной ответственностью «Өсімтал» земельные участки, общей площадью 5,9497 га и 0,0068 га, кадастровые номера 09-106-051-396 и 09-106-051-397 расположенные по адресу: город Жезказган, Талапский сельский округ, село Талап предоставленного на праве временного долгосрочного землепользования для ведения сельскохозяйственного производства;

– товарищества с ограниченной ответственностью «BULL» земельный участок, общей площадью 0,0380 га, кадастровый номер 09-106-051-398 расположенный по адресу: город Жезказган, Талапский сельский округ, село Талап предоставленного на праве временного долгосрочного землепользования для ведения сельскохозяйственного производства;

– Омаровой Камшат Сапарбековны, Жолдасбека Асқара Мырзалыұлы, Жолдасбековой Ляззат Мырзалықызы земельный участок, общей площадью 0,7466 га, кадастровый номер 09-106-051-344 расположенный по адресу: город Жезказган, Талапский сельский округ, село Талап предоставленного на праве временного короткосрочного землепользования для ведения крестьянского хозяйства;

– Джанкошкарова Айткалья Абжановича, Жаукебаевой Розы Алпысбековны, Әбжана Руслана Айтқалиұлы земельный участок, общей площадью 0,0267 га, кадастровый номер 09-106-051-102 расположенный по адресу: город Жезказган, Талапский сельский округ, село Талап предоставленного на праве временного долгосрочного землепользования для ведения крестьянского хозяйства;

– Итемгенова Нуржана Рахимжановича, Казамбаева Мурата Сутеновича, Бирманова Азамата Ерболовича земельный участок, общей площадью 0,0049 га, кадастровый номер 09-106-051-077 расположенный по адресу: город Жезказган, Талапский сельский округ, село Талап предоставленного на праве временного долгосрочного землепользования для ведения крестьянского хозяйства;

2. Дату принудительного изьятия земельных участков назначить на 14 мая 2020 года.

3. Место обращения землепользователей для осуществления согласительных процедур: здание акимата города Жезказган, ГУ «Отдел земельных отношений города Жезказган».

4. Настоящее постановление вступает в силу с момента его регистрации в аппарате акима города Жезказган и подлежит государственной регистрации в органах юстиции в течении шести месяцев.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города.

**Аким города Жезказган К.БЕГИМОВ**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

***Қадірлі нағашымыз***
***Дүйсен Өтемісұлы Салмурзин!***



*Сізді ердің жасы – елуге толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз!*

*Аяулы анамыздың кенже інісі, біздің еркелер нағашымыз, Сіздің бес ондықтың белесіне көтерілген қуанышыңыз біз үшін де аса жарқын оқиға. Ердің жасына, нағашы, шаңырағыңыздың шаттығын шалқытып, мейірлі жүректің жұпарын аңқытып жігерлі қадаммен жетіп отырсыз. Осы азаматтық болмысыңыз, қайрат-жігеріңіз Сізді алда талай ондық белестің биігіне алқындырмай шығара берсін деп тілейміз. Зайыбыңыз Рахила екеуіңіз мөлдіретін өсіріп отырған балаларыңыздың қызығын көріңіздер.*

*Жиендердің жанашыры, панасы,*
*Үш жұртыңның ірісі бұл нағашы.*
*Осы жұрттың ішіндегі Дүйсеағаң,*
*Ер жасына келіп жатқан дарасы.*

*Анамыздың бауыры ол, кенжесі,*
*Еңсегейлі жігіттердің теңдесі.*
*Қиындыққа қайыспайтын ер мінез,*
*Өз бойындай әркез биік еңсесі.*

*Азаматтығына ешкімнің жоқ таласы,*
*Біздер үшін жоғары оның бағасы.*
*Елуіңе еркін шықтың, жүзге де*
*Жете бергің еш шалдықпай, нағашы!*

**Ең ізгі тілекпен,** ***апаңыз – Гүлшайым және жиендеріңіз.***

# МЕНІҢ ӘКЕМ – ЕҢ ЖАҚСЫ АДАМ

**Қазақ қоғамында әкенің алатын әлеуметтік орны ерекше. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгісі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» дегендей, аса қадірлі, асқар тау әкеміз Хасен Төлегенұлы Қарахметов 9 ақпанда айтулы белесі 70 жасқа толды. Ол Ұлытау ауданы Аманкелді ауылының Бәйтілеу қыстағында 1950 жылы атамыз Төлеген Қарахметов пен әжеміз Бәткен Жанғабылованың қарапайым отбасында дүниеге келді. Бұрынғы Қорғасын руднигінде 1-сыныпқа барған. Кейін 1959 жылы Рудник жабылып, Шеңбер совхозы болған. 1966 жылы № 2 Қорғасын орта мектебін бітіріп, шоферлік (жүргізуші) курсын оқыды.**



1967 жылы Кеңес үкіметі әскері қатарына алынып, әскерде де жүргізуші болып жұмыс істеген. Әкеміз жалпы қай көлік болмасын құлағында ойнайды. Жастайынан көлікке деген қызығушылығы мол болған ол төрт дөңгелекті техниканың тілін аса шеберлікпен меңгерген. Сондықтан да шығар – саналы ғұмырын жүргізушілікке арнағаны. 1969 жылы Шеңберге келіп, Шеңбер совхозында 1969 жылдан бастап, 1995 жылы Аманкелді ауылында, совхоз тарағанға дейін 20 жыл шоферлік жұмыс істейді. 1975 жылы Аманкелді ауылына көшіп келгеннен, күні бүгінге дейін осында тұрады.

1994 жылдан бастап «Шектібай» шаруа қожалығының иегері болып, мал шаруашылығымен айналысады. 2013 жылы жасы келіп, зейнетке шықты, қазір зейнеткер.

Қазіргі күні әкеміз балалары мен немерелерінің ортасында үлкен жанұя басшысы. «Балаларым – бақытым, балаларым – байлығым» деп Алладан ұрпағының амандығын тілеп, барға шүкір етуден айныған емес.

Әке, 70 жасқа толған мерейтойыңыз қайырлы, құтты болсын. Анамызбен өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей болдыңыз. Еңбекте де қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі көрсеттіңіз. Жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда анамызбен шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп, ұзақ жасай беріңіздер. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз.

Әке, жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 70 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегісіз дей отырып, мына жыр жолдарын сізге арнаймыз.

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
Жетпіс жастың құтты болсын белесі.

Бұл 70 жас – қарттық емес, қазына жас,
Бала мен немеренің назына мас.
Біз сізге бақ тілейміз ортаймайтын,
Басыңыздан ешқашан ажырамас.

Өміріңіз ұрпаққа өнеге мың,
Тілейміз қуанышқа бөленгенін.
Жүзге келіп, марқайып отырыңыз,
Қылығына қуанып шөберенің.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға. Оған – дәл осындай адами асқақ қасиетке, қанша ғұмыр кешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар.

**Толқын ӘБДІҚАДЫРОВА,**
**Ұлытау ауданы, Амангелді ауылы**

«SARYARQA»
ГАЗЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ ОҚИ ЖҮРІҢІЗ!
FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/
T.ME/SARYARQA/
@SARYARQA_GAZETI
WHATSAPP + 7 708 420 19 88

# «СЕРКЕНІҢ СЕРІЛЕРІ»

***волонтерлар клубы құрылды***



**Түрлі сахналық қойылымдардан бөлек қоғамдық іс-шаралардың да бел ортасынан табылатын театр ұжымы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен волонтерлар жылы аталған 2020 жыл басында көпке үлгі болып өз волонтерлар клубын құрды. Ол – «Серкенің серілері» волонтерлік жасағы.**

birgemiz

– «Серкенің серілерінің» құрылуы – аяқ астынан, бірақ мезетте жүзеге асқан іс. Оған қаңтар айының басындағы жалпыхалықтық сипатқа ие болған «Біз біргеміз» челленджі себеп болды. Өздеріңізге де мәлім осы челлендж арқылы көптеген қазақстандықтар өздері күнделікті жүріп өтетін көшелер мен жұмыс істейтін аулаларын қардан тазалып, қар тазалаушы жұмыскерлерге және өзге де жүргінші халыққа пайдасын тигізді. Бұл, шындығында, үлкен сауапты іс деп білеміз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демей ме?! Бүкіл халық белсене қатысып жатқан пайдалы істен біз де тасада қалмайық деп шештік. Сол мақсатпен театрымыздың актерлары жұмылып, театр ауласы мен маңын қардан тазалап тастадық. Әрине, бұл жігіт үшін аса ауыр жұмыс емес қой. Біздің бұл ісімізге театр үлкендері қуанып, ақ тілектерін де жаудырды. Бұл – волонтерлар жылында біздің топ жігіттері атқарар айшықты істердің бір парасы ғана деп ойлаймын. Көбіне біз спектакльге қызу дайындық үстінде жүреміз. Дегенмен, бос уақыт табуға барынша тырысамыз, – деді аталған волонтерлар жасағын құрушы театр актері және көркемдік жетекшісі Кенжетай Әбілдин.

Қазіргі таңда «Серкенің серілері» волонтерлік клубында жеті волонтер бар. Алдағы уақытта құрам саны бұдан әрі де толығары сөзсіз. Бастысы – серілер көмекке мұқтаж кез келген жанға қандай істе болмасын көмегімізді көрсетуге дайынбыз дейді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

БӘРЕКЕЛДІ!

# БИШІЛЕР ТОП ЖАРДЫ

**Мың бұрала билеп, хореографиялық шеберліктерімен Жезқазған қаласының атын шығарып жүрген бишілеріміз аз емес. Солардың бірі – Балалар мен жасөспірімдер сарайының «Тұмар» би ансамблі. Балдырған бишілер таяу арада тағы да сүйінші хабарларымен бөлісті. Ансамбль бишілері VIII халықаралық балалар мен жасөспірімдердің «Сиқырлы микрофон» өнер байқауында 7-10 жас аралығында жүлделі I орынды еншілеп, жез қалаға жеңіспен оралды.**

Өнерлі бүлдіршіндерді ұстаздары мен ата-аналары Жезқазған вокзалынан үлкен қуанышпен тағатсыздана қарсы алды. Солардың бірі Жүсіп Ибраев:

– Мен балаларымызға осындай мүмкіндіктер тудырып отырған балалар мен жасөспірімдер сарайының ұстаздарына зор алғысымды білдіремін. Солардың қажыр-қайраттары мен табанды еңбектерінің нәтижесінде балаларымыз осындай дәрежеге жетіп, халықаралық байқаудың жеңімпаздары атанып отыр. «Тұмар» би ансамблінде менің қос бірдей немерем Адина мен Айым және туыс қызым Дилара өнер көрсетеді. Олар басында хореография жанрын қиынсынғанымен, қазір толық меңгеріп кетті. Түрлі қиын-қиын, екінің бірінің қолынан келе бермейтін күрделі трюктарды еш қиындықсыз орындайды. Қыздарым болашақта да еліміздің атын әлемге танытар биші болуды армандайды. Біз олардың бетін қаққан емеспіз. Әрқашан да тек тілекшіміз. Мен олардың




бағындырар белестері әлі де мол екендігіне сенемін, – дейді.

Ендеше, барша «Тұмардың» өнерлі өрендеріне біз де сәттілік тілейміз.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

СПОРТ

# КӨҢІЛДІ ЭСТАФЕТА

**«Шынықсаң шымыр боларсың» деген қағиданы басты ұрандары еткен № 1 орта мектептің оқушылары қай кезде де биіктерден көрінуден танған емес. Білім мен спортты қос қанатындай серік еткен озат өрендер жастайынан жүлделі орындардан көрініп жүр. Оларды спортты сүюге баулып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу мақсатында мектебіміз тағы бір игі іс-шараның ұйытқысы болды.**



Оқушы, мектеп және ата-ана арасындағы байланысты нығайту мақсатында ұйымдастырылған спорттық жарысқа мектебіміздің бастауыш және орта сынып оқушылары мен ата-аналары қатысты.

Қар үстінде бақ сынаған оқушылар мен ата-аналар «Жолаушыны жеткіз», «Кім жылдам?», «Кемелер жарысы», «Жүйрік паравоз», «Шанамен жарыс», «Қызықты эстафета», «Доппен жарыс», «Сыңар аяқ ойыны», «Допты шеңберге лақтыру» сайыстары бойынша сынға түсті.

«Біз көбіне ата-аналар, жұмыс бабымен балаларға карауға, олармен ойнап, сырласуға уақыт таппай жатамыз. Бүгінгі шара осы олқылықтардың орнын толтырып, балалармен тиімді уақыт өткізуге мол пайдасын тигізді», – деген ата-аналар шараны ұйымдастырушы мектеп ұжымына алғыстарын білдірді.

Жалпы біздің мектепте оқушылардың бойында елжандылық, адалдық пен адамгершілік, шымырлық қасиеттерін қалыптастырып, жас ұрпақтың жеңіске деген жігерін жани түсуді мақсат тұтатын ата-аналармен ынтымақтастықта өткізілетін шаралар жиі ұйымдастырылады. Эстафеталық жарыс соның бір парасы ғана. Спорттық доданы өткізуде ұйымдастырушылар оқушыларды жетістік пен жеңіс арқылы тәрбиелеуді міндет етіп, балаға отбасының, ана-анасының қадір–қасиетін, құндылықтарын тереңінен ұғындырып, бірлік пен ауызбіршіліктен ажырамауға шақырды. Бала тәрбиесі ісінде ата-аналар қауымы мен мектептің бірлесе әрекет етуі ең тиімді әдіс болып қала бермек.

**Салтанат БАКЕЕВА,**
**№ 1 ЖОББМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

# «ROBOLAND – 2020»

***фестивалі жеңімпаздарын тапты***

DIGITAL KAZAKHSTAN

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy




**Ақпараттық технологиялар тілін жете меңгеріп, робототехниканың қыр-сырын тану – бүгінгі заман талаптарының бірі. Бүгінде осынау маңызды қажеттілікпен мектеп жасынан танысқан жезқазғандық жастар да аз емес.**

Жезқазған қаласы білім бөлімінің сан түрлі бағдарламалық құрастырулар мен компьютерлік анимациялар тілінен хабардар талантты өрендерге қолдау көрсету мақсатында «RoboLand – 2020» VI халықаралық фестивалінің қалалық кезеңін №9 тірек (ресурстық орталық) мектеп интернатында ұйымдастырды. Қала мектептерінен барлығы 95 оқушы қатысып, бақ сынаған сайыс «Сумо гранд», «Roboland-Friendship», «3D авто-модельдеу», «Робототехника болашақ білімде», «Агроинженер-2020» аттыбес бағыт бойынша өтті.

Талапты жастар бақ сынаған білгірлер сайысында «Сумо гранд» бағыты бойынша I орынды №3 ЖОББМ, II орынды Қ.И. Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі мен №10 ЖОББМ, III орынды №26 гимназиясы иеленді. Ал, «Roboland-Friendship» бағыты бойынша I орын №8 қазақ гимназиясының, II орын №9 ТМИ-ның, III орын № 11 ЖОББМ-нің жас ғалымдарына бұйырды. «3D авто-модельдеу» бағытында I орынды № 8 қазақ гимназиясы, II орынды Қ.И. Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі, III орынды № 22 ЖОББМ-нің қанжығалады. «Агроинженер-2020» бағытында I орынмен № 26 гимназия, II орынмен №2 ЖОББМ мен № 9 ТМИ, III орынмен № 8, № 26 гимназиясының оқушылары марапатталды. Ал «Робототехника болашақ білімде» бағыты бойынша тек III орын иегерлері анықталды. Сайыс қорытындысына сай аталған бағыт бойынша III орынға № 11 ЖОББМ лайық деп танылды.

Сайыс жеңімпаздары «RoboLand – 2020» VI халықаралық фестивалінің облыстық кезеңіне жолдама алды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ТАМАҚТАНУ САПАСЫНА – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ

**«Ұрпақ денсаулығы – ұлттың саулығы» демекші, дұрыс тамақтану денсаулық кепілі болып табылады. Демек, әр тұлға ішіп-жеуіне ерекше көңіл бөліп, тамақ құрамының құндылығына назар аударуы тиіс.Тиімді тамақтану ішкі организмнің қалыпты дамуына, зейінінің жоғарылануына және ағзаның қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз факторларына қарсы тұруына ықпалын тигізетінін назарға алған №133 негізгі орта мектебінде 2019-2020 оқу жылының басынан бері республикалық «Тамақтануды ұйымдастыру» жобасы аясында ауқымды шаралар жүзеге асырылуда.**

ÁLEÝMETTIK QAMQORLYQ

ҚР Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына сәйкес білім беру мекемесінде оқушылардың сапалы тамақтануын ұйымдастыру және бақылау мақсатында бракераждық комиссиясы құрылды. Бракераждық комиссия тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды жүзеге асырады. Атап айтқанда, олар комиссия мүшелері мектеп асханасында фастфуд, гамбургер, ход-дог, чипси, кептірілген нан, қытырлық нан деген сияқты зиянды тағамдарды пайдалануға жол бермейді. Сонымен қатар, балалар тағамын өндіру үшін қолданылатын шикізаттың санитарлық эпидемиологиялық талаптар мен нормаларына сай болуын қатаң қадағалайды. Ас мәзірі әр типтегі балалар мен жасөспірімдердің сұранысын қанағаттандыру мақсатында бекітілген негізгі тағам түрлеріне байланысты жасақталады.

Мектеп оқушыларының дұрыс тамақтануы мен денсаулығы, олардың дұрыс өсіп жетілуі – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сондықтан да санитарлы дәрігер ас-мәзірін құрастырған кезде аса құнды, негізгі қағидаларды білуі керек. Тамақ рационы балалардың жас мөлшеріне сәйкес дене еңбегінің жүктемесіне, жыл мезгіліне, климатқа байланысты алынған тағамдық заттарға және энергияға қажеттілігіне сәйкес болуы қажет. Жаз мезгілінде энергия шығыны ұлғаятындықтан, тағам калориясы 10%-ға жоғарылап, рационның құрамында міндетті түрде ет, балық, сүт, сары май, көкөніс, нан болуы шарт. Осы қағидалардың орындалысы мектеп медбикесі тарапынан бақылауға алынған. Айына бір рет тамақтану мен тамақ пісіру орнына залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу де жолға қойылғанын айтпай кетпеске болмас.

Республикалық «Мектеп асханасы» алдын алу іс-шараларына сәйкес №133 негізгі орта мектебінде тамақтандыруды ұйымдастыру мен оның сапасын бақылау жүйелі орындалуда. Жоғарыда аталып өткен бракераждық комиссияның мүшелері асханалық ас мәзірдің орындалуы мен санитарлық



тазалықтың сақталуына жауапкершілікті ала отырып, еліміздің ұйытқысы саналатын жас ұрпақтың денсаулығын нығайтуға үлес қосуда. Біздің болашағымыз балалардың тамақтануын дұрыс әрі сапалы ұйымдастыру әркімнің-ақ міндеті.

**Лаура ҚАСЕМБЕКОВА,**
**№133 негізгі орта мектебінің әлеуметтік педагогі**